*1 кезең.* Жануарлар мен өсімдіктердің қоршаған ортаға байланысты тіршілік етуінің биологиялық сипаттамалары, мінез-құлқы ерекшеліктері және таралуы туралы алғашқы мәліметтердің ежелгі заман философтарының енбектерінде жинақталуы. Атап айттын болсақ, көне заман философи, ғұлама Аристотель (б.з.б. 384-322 жж.) 500-ден аса жануарлардың мінез-құлқы ерекшеліктері туралы, мысалы, балықтардың миграциялануы және қыс кезінде үйқыда, тыныштық жағдайда болуы, құстардың басқа аймаққа ұшып кетуі, көекек құсының паразиттік тіршілік етуі, қарқатицаның қорғануы, т.б. мәліметтер келтірген. Өсімдіктердің қоршаған ортаға байланысты тіршілік ерекшеліктері туралы мәліметтер Теофраст Эрозийскийдің (б.з.б. 371-280 жж.), Улкен Плинийдің (б.э. 23-79 жж.) енбектерінде бар. Мысалы, Теофраст өсімдіктердің климатқа және топырақ түрлеріне байланысты формасы және осуі әртүрлі болатыны туралы мәліметтер келтірген.

Бірақ, орта ғасырларда дін (христиан, мұсылман, т.б. діндері) үстемдік етіп, олардың қағидалары адамзат санаына сіңген жағдайларда табигатты зерттеуге қызыгуышылық басылып қалды. Дегенмен, бұл кезеңдерде де табигат құбылыстарын, заңдылықтарын танып білуге арналған қурделі ғылыми енбектер бар. Атап айттын болсақ, ғұлама Әл-Жахиздың (776-868 жж.) «Жануарлар» деп аталатын трактатында Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясына ұксас «Өмір үшін күрес» концепциясын ұсынады. Оның идеялары негізгі үш принцип бойынша құралған: өмір үшін күрес, қоршаған орта факторлары әсері және түрлерге айналу. Қоршаған органдың факторлары тірі организмдерге біртіндеп жаңаша бейімделуге әсер етеді, яғни өмір үшін күресте мықты бәсекелес болуға мүмкіндік береді.

*2 кезең.* Қайта Өрлеу эпохасында (кезеңінде) географиялық ұлы жаңалықтар, яғни жаңа құрлықтар, арапдар, теніздер ашылды. Нәтижесінде жануарлар мен өсімдіктер әлемін зерттеп, сипаттап жүйелеу керектігі туындағы. Бұл кезеңдегі биология ғылыминың негізгі бағыты – өсімдіктер мен жануарлардың сыртқы және ішкі құрылышының қоршаған ортаға байланысты алуантүрлілігі сипатталды.

Тіршілік әлемін алғашқы сипаттап жүйелеуші ғалымдар А. Цезальпино (1519-1603 жж.), Д. Рей (1623-1705 жж.), Ж. Турнефор (1656-1708 жж.) өсімдіктердің өсіп дамуы аймақтар ерекшеліктеріне, қоршаған орта жағдайына байланысты екенін айтты. Жануарлардың өмір сүру сипаты, мінез-құлқы, осыған сәйкес олардың формасы, құрылышы туралы мәліметтерді «жануарлардың тіршілік тарихы» деп атады.

*3 кезең.* XVIII-XIX ғасырларды қамтиды. Бұл кезеңде биологиялық зерттеулер экологиялық сипат алғып, көпшілігі алуантүрлі тіршілік іелерінің бөлек топтарын, биологиялық түрлерін зерттеп сипаттауга арналған. Организмдердің қоршаған ортаға бейімделу түсініктемелері қалыптасты, биоценоз (фито- және зооценоз), популяциялық экология идеялары, табигаттағы заттар айналымы ұғымдары туындағы.

Жалпы экология және биоэкология ғылыминың пайда болып, қалыптаса бастауы осы кезеңдегі көрнекті ғұлама ғалымдардың енбектеріне байланысты дамыды. Олардың негізгілеріне қысқаша тоқталамыз.

*Ж. Бюффон* (1707-1788 жж.) – өз еңбегінде ол қоршаған органдың жануарлар құрылымына әсерін сипаттайты. Ондай әсерлі факторларға – температураны, қорек сапасын, адамдардың жануарлардың колға үйретіп өсіру кезіндегі жағдайдың өзгеруінің әсері, т.б. жатқызады. Ол планетамыздың кейбір жекелеген аймақтарда ерекше флора мен фауна бар екендігін байқаған. Мысалы, Арктика мен Антарктикадағы климат жағдайы ұксас болғанына қарамастан солтүстікте пингвиндер жок.

*К. Линней* (1707-1778 жж.) – алуантүрлі организмдерді, соның ішінде өсімдіктерді алғаш жүйелеген, организмдерді ғылыми түрғыдан атап үшін бинарлы номенклатураны енгізген ғұлама ғалым. Мұның мәні – әрбір организм түрі екі латын сөзімен аталағы. Мысалы, *Oryza sativa L.* –

мәдени күріш. Бірінші сөз - Ogyza – күріш өсімдігінің туыстығын (genus), екіншісі - sativa – түрін (species) анықтайды. К. Линней өсімдіктердің 10 мыңнан аса түрлерін сипаттап жүйеледі, олардың коршаған ортамен байланыстылығын және таралуы туралы мәліметтер келтіреді. Бір организмдердің өлімі басқа ағзалардың өмір сүруіне жағдай жасайды. Яғни, қазіргі заманғы экологтардың пікірі бойынша, коректік тізбектер арқылы табиғатта энергия және заттар алмасуы болады, нәтижесінде экожүйелдердегі тепе-теңдік тұрақтанады.

*А.Л. Лавуазье* (1743-1794 жж.) – ғұлама химик ғалым, органикалық заттардың негізі – көміртегінің биологиялық айналымының мәнін ашты. Өсімдіктер көміртегін аудан алады, ал өсімдіктер өліп, дene қалдықтары ыдыраған соң көміртегі қайтадан атмосфераға өтеді. Организмдердің үш түрлі топтарының, яғни продуценттер, консументтер және редуценттердің (atalfan терминдерді қолданбай-ак) қызметтік мәнін ашып қалыптастыруды.

*Ж.Б. Ламарк* (1744-1829 жж.) – биология және эволюция ғылымдарының көрнекті өкілі. Ол организмдердің қоршаған ортага бейімделу, адаптациялану түсініктемелерін қалыптастыруды. Оның пікірі бойынша, биосфера – бұл тіршілік иелерінің (ағзалардың) органикалық емес заттарды ғаламдық деңгейде қайта өндеде нәтижесі. Барлық тірі организмдер құрделі органикалық заттар түзе алады. Соның ішінде тек өсімдіктер ғана алғы заттар ретінде табиғаттағы бос, органикалық емес заттарды пайдаланады, ал жануарлар өсімдіктерде түзілген органикалық заттарды пайдаланады. Ж.Б. Ламарк биосфера организмдерін екі түрлі қызмет атқаратын топтарға бөлген (бірақ қазіргі заманғы терминдер – продуценттер, консументтерді білмей-ак): өсімдіктер (органикалық заттарды түзушілер) және жануарлар (органикалық заттарды пайдаланушылар). Ал, өлген организмдердің ыдырауы бұл таза физикалық процесс деп түсінген, ыдыратушы организмдер туралы жазбаған.

Сонымен, Ж.Б. Ламарк аутэкологияның (турлердің қоршаған ортага бейімделуі) алғы шарттарын және экожүйелер (заттар айналымы) түсініктемелерін қалыптастырган.

*А. Гумбольт* (1769-1859) – ұлы саяхатшы, өсімдіктер географиясы ғылымының негізін қалаған, аутэкологияға өзіндік үлес қосқан ғалым. Организмдердің тіршілік формалары және климаттық аймақтылық түсініктерін дамытты, биосфера түсінігін кеңейтті. Оның пікірінше, табиғатты зерттеп білу жер ғаламшарындағы барлық құбылыстар және тіршіліктің мәні туралы білімдерді жинақтау және байланыстыру арқылы іс жүзіне асады. Өйткені орасан зор көлемдегі себептер мен эффектілерді бір-бірінен бөлек қарастыру ешқандай нәтиже бермейді.

*О.П. Декандоль* (1778-1841 жж.) – ботаникада экологиялық идеяларды дамытты, түрлердің тіршілік ортасы туралы түсініктерді (өсімдіктердің есіп дамуының экологиялық жағдайлары жиынтығы) тұжырымдады. Оскен ортасы бойынша жүйелеу арқылы шабындық және жайылмдар, ормандар, таулы алқаптар, теңіз өсімдіктерін анықтады. Ол өзінің «Өсімдіктер физиологиясы курсы» (1809 ж.) еңбегінде қоршаған ортаның өсімдіктер тіршілігіне және физиологиялық қызметіне әсері тарауында өсімдіктердің экологиялық физиологиясы проблемасының алғы шарттарын тұжырымдап анықтады.

*А. Декандоль* (1806-1893 жж.) – өсімдіктердің жер ғаламшарында таралуының қазіргі заманғы және тарихи себептерін талдау барысында негізгі әсерлі факторларға: температура, жарық, то-пырақ құрамын, ылғалдылықты жатқызады. Сонымен бірге, тұқым мен жемістердің таралуына олардың құрылышының, адам баласы тіршілігінің әсерін көрсетеді. Оның негізгі идеялары «Өсімдіктер географиясы» еңбегінде (1855 ж.) көлтірілген.

*Ч. Дарвин* (1809-1882 жж.) – биологиялық эволюция және экология ғылымына үлкен үлес қосты. Ол табиғи сұрыпталу ілімін қалыптастыруды, және де табиғи сұрыптау мен адамдар жүргізетін жасанды сұрыптаудың айырмашылығын анықтады. Бұл ілім организмдердің коршаған ортага бейімделу механизмін түсіндіретін тұжырым. Коршаған орта өзгеріп, бәсекелестік қүшейген жағдайда, популяциядағы жеке организмдердің әртүрлілігі нәтижесінде кейбіреулері (немесе көпшилілігі) өзгерген ортага бейімделіп, аман сақталады, жаңа үрпақ береді, көбейеді. Бұл дара организмдер деңгейінде зерттеп тұжырымдаудан популяциялық деңгейдегі түсініктерді қалыптастыруда маңызды роль атқарды. Сонымен бірге ол өзінің еңбектерінде өсімдіктер және жануарлар экологиясы жөнінде көптеген фактілер көлтіреді.

*К.Ф. Рулье* (1814-1858 жж.) – жануарлар экологиясының негізін қалаушылардың бірі, зообиология саласында 160-тан астам ғылыми еңбектер жариялады, жануарлар экологиясын жүйелеп зерттеді.

Э. Геккель (1834-1919 жж.) – «экология» терминін ұсынып, ғылыми айналымға енгізді. Сонымен бірге, экологиялық қуыс және қоректік тізбек мәнін ашуға жақындағы. Ол өз еңбектерінде «пальма → насекомдар → насекомдармен қоректенетін құстар → жыртқыш құстар → кенелер → паразит грибоктар (санырау-құлақтар)» қоректік тізбегін сипаттаған.

В.В. Докучаевтың (1846-1903 жж.) – пікірі бойынша, топырақ түзілу процесінде көптеген факторлардың өзара әсерінен табиғи топырақ пайда болған. Олардың ішінде негізгілері: климат, өсімдіктер және аналық тау жыныстары. Топыракты экожүйелердің негізгі элементі деп түсінген. В.В. Докучаев топырақтың генетикалық жүйесін жасады, ендік аймақтылығын және вертикальдық (тік) белдеулерін анықтады.

Сонымен, XVIII-XIX ғасырларда жалпы және биологиялық экологияның негізгі үш бағыттарының негізі қаланды:

- а) аутэкологиялық бағыт (Линней, Ламарк, Гумбольдт, Декандоль, Рулье, Дарвин, Геккель);
- б) популяциялық (Дарвин);
- в) экожүйелік-биосфералық (Линней, Лавуазье, Ламарк, Гумбольдт, Декандоль, Геккель, Докучаев).

4 кезең. XIX-ғасырдың соында және XX-ғасырда жалпы және биологиялық экология ілімі бойынша орасан көп экспериментальды материалдар жинақталды, оларды тұжырымдау нәтижесінде теориялық қағидалар, концепциялар пайда болды және экологиялық терминдер қалыптасты. Олар:

- даралар (дербес организмдер);
- популяциялар (бір түрге жататын, белгілі кеңістікте тіршілік ететін, даралар саны жеткілікті әрі тұрактанған, бір-бірімен еркін шағылыша алатын жеке организмдер тобы жынтығы);
- биоценоз (тірі организмдер қауымдастырылған), биотоп (гидросфера, литосфера және топырақ, атмосфера), биогеоценоз (биоценоз берін биотоптардың динамикалық бірлігі, өзара әсері нәтижесінде қалыптастанған);
- экожүйелер (организмдер мен қоршаған орта жынтығы);
- экожүйелердегі (биогеоценоздағы) энергия ағыны және заттар айналымы, т.б.

Биологиялық экология көптеген ғалымдардың еңбектерінде жалпы экология бағытымен қалыптасты (Ю. Одум «Экология». В 2-х томах, 1986; Н.М. Чернова, А.М. Былова «Экология», 1991; И.А. Шилов «Экология», 1998; Н. Реймерс «Экология», 1990, 1994; М. Бигон және басқалары «Экология: особи, популяции, сообщества», 1989; А.С. Бейсенова және басқалары «Экология және табиғатты тиімді пайдалану», 2004; А.М. Гиляров «Популяционная экология», 1990; Б.М. Миркин, Л.Г. Наумова «Основы общей экологии», 2005; Э.М. Галимов, 2006; Ю.А. Злобин, 2009; А. Марков, 2010;Ә.Т. Қанаев және басқалары, «Биожүйелер экологиясы» 2013 т.б.). Осы кезеңде пайда болған теориялық қағидалар, концепциялар, түсініктер жалпы және биологиялық экология негізін қалайды. Сондықтан олардың негізгілеріне аталған ғалымдардың және басқалардың еңбектеріне сүйене отырып тоқталамыз:

1. Әрбір биологиялық (экологиялық) түрдің өзіндік ерекшелігі бар және қауымдастырылған құрамы қоршаған ортандың белгілі шегінде (жағдайында) тіршілік етеді және үздіксіз өзгерісте болады. Бұл түсінікті қалыптастырыған орыс ғалымы Л.Г. Раменский (1884-1953 жж.), американдық ғалым Г. Глисон (1882-1975 жж.) және дамытқан американдық экологтар Дж. Кертис (1913-1961 жж.), Р. Уиттекер (1920-1981 жж.).

2. Экожүйе – тіршілік етуші организмдер мен қоршаған орта жағдайлары жынтығы. Түсінікті ұсынған А.Тенсли (1871-1955 жж.).

3. Экологиялық сукцессия – экожүйедегі организмдердің тіршілік әрекеті және өзгермелі климат жағдайына бейімделуі нәтижесінде жүйедегі өзгерістер мен тепе-тендіктің белгілі мерзім ішінде тұрактануы, сосын өзгеруі. Концепцияны қалыптастырыған Ф. Клементс (1874-1945 жж.), А. Тенсли, Р. Уиттекер.

4. Әрбір биологиялық түрдің экожүйедегі бейімделуі нәтижесінде экологиялық қуыста (орында) орналасып тіршілік етуі, ресурстарды «маманданған деңгейде» пайдаланып қоректенуі, басқа организмдермен өзара қарым қатынасы. Түсінікті қалыптастырыған Ч. Элтон (1900-1991 жж.), Дж. Хатчинсон, Дж. Гринелла.

5. Жеткіліксіз мөлшердегі қоректік ортада және басқада шектеулі экологиялық жағдайында популяция санының логистикалық (S-тәрізді), яғни баяу, жылдам, аз мөлшерде өсу сыйыры. Бұл түсінікті сипаттаған Р. Перл (1879-1940 жж.).

6. «Жыртқыш-жемтік» қарым-қатынастарының және бәсекелестіктің математикалық моделін американдық ғалым А.Д. Лотка және итальяндық ғалым В. Вольтерра (1860-1940 жж.) ұсынған. Бәсекелестіктің моделін инфузориямен жүргізген тәжірибелерінде орыс ғалымы Г.Ф. Гаузе (1910-1986 жж.) дәлелдеді. Оның пікірі бойынша, бір экологиялық қыста тіршілік ететін екі түр қатар өмір сүре алмайды.

7. Қоршаған орта жағдайына және өзгерістері интенсивтілігіне (қарқындылығына) организмдердің реакциясын, өзара катынасын сипаттайтын C-, S-, R-стратегиялар концепциясын Л.Г. Раменский (1935 ж.) және Дж. Грайм (1979 ж., 1988 ж.) ұсынды. Олар ценобиотикалық типтерді виолент, патиент, эксплерент деп атады.

8. Экожүйелердегі энергетикалық айналымның «10%-дық қагидасын», яғни бір трофикалық денгейден екіншісіне өткенде энергияның тек 10%-ығана өтетіндігін Р.Линдеман (1915-1942 жж.) және Г.Г.Винверг (1905-1987 жж.) қалыптастырган.

9. Биосфера жер ғаламшарының «тірі қабығы» және тіршіліктің геоло-гиялық ролі туралы тұжырымдамаларды қалыптастырган В.И. Вернадский (1864-1945 жж.). Оның пікірі бойынша, биосфера ғаламдық экожүйе, оның тұрақтылығы және тіршілігі түрлердің орасан көп алуан-түрлілігіне, заттар және энергия айналымының тепе-тендігіне байланысты.

1910 жылы Брюссельде өткен III Халықаралық ботаникалық конгрессте өсімдіктер экологиясы аутэкология және қаумдастықтар экологиясы – синэкология болып бөлінді. Бұлай бөлінуге Ч. Адамстың, В. Шелфордтың, тағы басқаларының ғылыми еңбектері әсер етті.


1913-1920 жылдары ғылыми экологиялық қоғамдары құрылды, экологиялық ғылыми журналдар шыға бастады, университеттерде экология пән ретінде оқытыла бастады. 1930-1940 жылдары дербес ғылым саласы ретінде популяциялар экологиясы – демэкология қалыптасты. Бұл бағыттың негізін қалаған Ч. Элтон және бұл саланы дамытқан ғалымдар: С.С. Шварц, Н.П. Наумов, Д.Н. Кашкаров, В.Н. Беклемишев және басқалары. 1940 жылдары жалпы экологияны және биологиялық экологияны зерттеуде жаңа принциптер, концепциялар туындағы. 1935 жылы ағылшын ғалымы А.Тенсли ғылыми айналымға «экожүйе», ал 1940 жылы Кенестер одағы ғалымы В.Н. Сукачев «биогеоценоз» терминін енгізді.

Осы кезеңде жалпы экология және биологиялық экология жеке ғылым ретінде қалыптасты, зерттеу әдістемелерін, мақсат және міндеттерін анықтады. Сонымен бірге, экология жеке салаларға бөлініп, жіктеле бастады.

*5 кезең. Жалпы экология және биологиялық экологияның қазіргі заманауи сипаты және өрлеу кезеңі – XX-ғасырдың екінші жартысы және XXI ғасырдың қамтиды.*

Экожүйелік және популяциялық денгейдегі биологиялық нысандардың (түрлердің) алуан-түрлілігі орасан көп болғандықтан жалпыға бірдей заңдылықтарды табу өте қын. Олардың өзара қарым-қатынастары әсерін және табиғи орта жағдайларымен (факторларымен) байланысын түсіну үшін биологиялық кеңістік және биологиялық уақыт түсінігін енгізді. Дегенмен, қазіргі заманауи биоэкология – бүкіл ғылымдар жетістіктерін пайдалана отырып, «макроэкологиялық» және «микроэкологиялық» проблемалар заңдылықтарын ашуға және адам экологиясы мәселелеріне бағытталуда. Бұл тұрғыдан алғанда жапон ғалымы Мотоо Кимураның (1924-1994 жж.) «Молекулярлық эволюцияның нейтралды теориясының» өзіндік үлесі бар. Оның идеясы бойынша, кейбір молекулярлық денгейдегі мутациялық және эволюциялық өзгерістер өзінің нақты мақсатына үнемі қызмет ете бермейді, яғни олар өмір сүру үшін жалпылама күресте бейтарап (нейтральды) болып қала береді. М.Кимураның пікірінше, әрбір популяцияда немесе организмде мутация болады, әдепкіде оларда адаптациялық қасиет жок, бірақ популяция ішінде тіршілік етеді. Егер мутациялар жаңа ортаға бейімделе алмаса, үрпақ бермей жойылады. яғни Кимураның теориясы организм мен популяция денгейінде табиғи сұрыпталудың маңыздылығына мән береді, бірақ организмнің барлық компоненті табиғи сұрыпталудың нәтижесі емес деген тұжырым жасайды.

Қазіргі кезеңде экология ғылымы күрделеніп, қолданбалы экология салалары жылдам даму үстінде (сурет). Ғаламдық, аймақтық және регионалдық масштабта күрделенген экологиялық проблемалар адамзат тіршілігіне, әлеуметтік және экономикалық жағдайына орасан зор әсерін тигізуде.



Қазіргі заманғы экологияның негізгі құрылымы (А. Баевшов бойынша, 2003)

Қазіргі жалпы экология және биологиялық экологияның негізгі заңдылықтарының, тұжырымдарының, түсініктерінің мәнін ашудағы олардың монографиялық енбектерінде, оқулықтарында пікір айырмашылықтары бар. Биологиялық экология көптеген зерттеу салаларына бөлінеді және олардың жіктеуді Н.Ф. Реймерс (1992, 1994 жж.), Н.М. Чернова, А.М. Былова (1988 ж.), Ә.С. Бейсенова және басқалары (2004 ж.), Б.М. Миркин, Л.Г. Наумова (2005 ж.), Ә.Т. Қанаев және басқалары (2013 ж.) бойынша береміз. Олардың негізгілері: аутэкология, популяциялық экология, бірлестіктер экологиясы (синэкология), экожүйелер экологиясы, ғаламдық экология, биосфера, адам экологиясы, нооэкология, т.б. (сурет).

**Аутэкология** – жеке организмдер (даралар) арасындағы қарым-қатынастарды олардың табиғи ортасымен байланыстыра отырып зерттеулер жүргізеді. Яғни, жеке организмге табиғат факторлары қалай әсер етеді, оған организм қалай жауап береді, организмдегі морфологиялық, физиологиялық өзгерістер туралы мәселелер қарастырылады. Одан әрі зерттеулер тереңдетіліп, биохимиялық, биофизикалық, генетикалық сипат алады. Нәтижесінде жеке организмнің биоэкологиялық қасиеттері арқылы жалпы түрге, оның табиғаттаалатынорнына, рөлі мен маңызына, айналаған ортаның өзгерісі, тазалығы, ластану деңгейі, маусымдық өзгеруі мен адамның іс-әрекеті туралы практикалық маңызына жанжақты сипаттама беріледі.

**Демэкология** – бір түрге жататын организмдер (даралар) тобын, яғни популяцияларды оның табиғи ортасымен байланыстыра жүргізілген зерттеулер. Бір түрге жататын организмдердің топ құрып тіршілік ету ерекшеліктері, биологиялық құрылымы (жасы, жынысы, көбеюі, табиғаттағы саны, тығыздылығы, таралуы, өлуі) табиғаттағы сан мөлшерінің реттелуі мен ауыл шаруашылығындағы маңызы турали мәліметтер.

**Синэкология** – бірлестіктер экологиясы (биоценология) ретінде әртүрлі түрлерге жататын популяциялар (өсімдіктер, жануарлар, микроорганизмдер) жиынтығын біртұтас организмдер

қауымдастырылғы дейгейінде зерттейді. Организмдер бірлестігінің қалыптасуы, құрылымы, динамикасы, қарым-қатынастар, энергия және зат алмасулар, сандық және сапалық өзгерістер, биологиялық өнімділігі мен бірлестіктердің тұрақтылығы туралы жан-жақты мәселелер қарастырылады.

*Галамдық экология* – биосфера ішіндегі, Құн жүйесіндегі әлемдік өзгерістер мен құбылыстарды зерттейді. Мысалы, экологиялық апарттар, әлемдегі климаттың ауытқуы, шөлейттену, ядролық қауіп-қатер, жаппай қырып жоютын қарулар, қатерлі эпидемиялар т. б. Осы бағыттағы ірі-ірі, бүкіл әлемді (галамды) қамтитын проблемаларды қарастырады. Қазіргі кезеңде биологиялық экология ғылым ретінде биологияның көптеген ғылыми салаларына (физиология, генетика, биофизика, биоценология, т.б.) негізделген және де биологиялық емес ғылым салаларымен (физика, химия, география, математика т.б.) тығыз байланыста дамуда.

#### ӘДЕБІЕТ

- [1] Бейсенова Ә.С., Самакова А.Б., Есполов Т.Н., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табигатты тиімді пайдалану (Окулық). – Алматы: Фылым. 2004. – 328 б.
- [2] Қанаев Ә.Т., Түлеуханов С.Т., Қанаева З.К. Биожүйелер экологиясы (Оку құралы). – Алматы: ҚҮУ. 2013. – 398 б.
- [3] Жайлыйбай К.Н., Нұрмаш Н.К. Биологиялық экология (Окулық). – Алматы: Қыздар университеті. 2016. – 516 б.

#### REFERENCES

- [1] Beisenova A.S., Samachova A.B., Espolov T.N., Shildebaev Zh.B. Ekologya zhane tabigatty tiymdy paidalanu (Okulyk). Almaty: Gilim. 2004.- 328 p
- [2] Chanaev A.T., Tileuchanov S.T., Chanaeva Z.K. Biozhyeler ekologyasy (Ochu churaly). Almany: KUU. 2013.- 398 p.
- [3] Zhailybay K.N., Nurmash N.K. Biologyalyk ekologia (Okulych). Almany: Kizdaruniversytety. 2016.- 516 p.

#### К. Н. Жайлыйбай, Г. К. Жайлыйбаева

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

#### КРАТКАЯ ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕЙ И БИОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКОЛОГИИ

**Аннотация.** В статье описаны история возникновения и формирования общей и биологической экологии. Человек с древнейших времен стремились познать тайны и суть явлений и природных сил, закономерности их формирования и проявлений. Поэтому история появления и формирования общей и биологической экологии начинается с древних времен. В связи с этим, историю экологии можно условно разделить на 5 периодов. В статье при описании каждого периода анализированы труды выдающихся ученых того периода и на основе этого характеризованы появившихся теории, понятий, термины. При определении сути основных закономерностей, выводов, понятий, терминов в монографиях, учебниках ученых имеются разное толкование. Современная общая и биологическая экология интенсивно развиваются и подразделены на определенные области знания. Основные из них: аутэкология, популяционная экология, синэкология (экология сообществ), экология экосистем, биосфера, экология человека, нооэкология, космическая экология и др.

**Ключевые слова:** общая экология, биологическая экология, трактаты выдающихся ученых того периода, появившиеся в определенном периоде теории, понятий, термины, характеристика и систематизация общей и биологической экологии.

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL**

ISSN 2224-5308

Volume 4, Number 322 (2017), 65 – 70

**A. B. Ilyassova, D. E. Kudasova, A. D. Dauylbay, K. Y. Sultangaliyeva, Zh. K. Ibraimova**

M. Auezov South Kazakhstan state university, Shymkent, Kazakhstan.  
E-mail: dariha\_uko@mail.ru

## **RESEARCH OF GERMINATING ABILITY DYNAMICS OF PLANT SEEDS RECEIVED FROM POTATO CROSSING**

**Abstract.** The potato in Kazakhstan is one of the most consumed products of plant growing. Average consumption of potato per capita in Kazakhstan is 120-130 kg per year per one person, i.e. the potato for Kazakh people is «the second bread».

The prospect of development of potato growing depends on economic efficiency of branch. Last years the production and realization of potato is on one level with vegetables in Kazakhstan is the most profitable culture. Profitability level of potato farms is from 50 % to 300 %. Potato landing is spent when the soil become warm on 7-8 °C on the depth 10-15 cm. Optimum duration of landing of a potato is not longer than 7-10 days. One of the basic requirements to landing is correct laying of tubers on identical depth. It is necessary, that between the condensed layer of earth and the tuber there was a layer of friable soil of 1-2 cm.

Care of potato is spent for providing of crops in friable, pure from weeds condition, and also for protection of plants from pests and diseases.

After landing of soils the soil herbicides are put. The applied technology provides a choice of the most effective and safe for a potato and environment preparations. At a strong contamination with pests it is possible to use mixes of soil and system herbicides before shoots of a potato appearance. Struggle against pests basically consists in killing of Colorado beetles and aphides - carrying agents of viruses on the seed sites. Entering of soil herbicides is carried out by sprayers «Metalfor». Mechanical struggle it is possible to spend at a strong contamination only till the direct interlocking of tops of vegetable in space between rows.

**Keywords:** potato, seeds, germination, hybridization, fertilizers, tubers, term of sowing.

ӘОЖ 635.21

**А. Б. Ильясова, Д. Е. Кудасова, К. У. Султангалиева, А. Д. Дауылбай, Ж. К. Ибраимова**

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

## **КАРТОП ӨСІМДІГІНІҢ БУДАНДАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН ТҮҚЫМДАРЫНЫҢ ӨНГІШТІК ҚАРҚЫНЫН ЗЕРТТЕУ**

**Аннотация.** Қазақстанда картоп ең кең тұтынылатын өсімдік тектес өнімдерінің бірі болып табылады. Қазақстанда жан басына шакқандағы орташа картоп тұтыну, жылына бір адамға 120-130 кг құрайды, картоп әлі қазақстандықтар үшін «екінші нан» ретінде қолданылады.

Картопсірудің даму болашағы саланың экономикалық тиімділігіне байланысты. Соңғы жылдары, Қазақстанда картоп өндіру және сату көкөністермен тең табысты өсімдік болып табылады. Картопшарашылығы фермаларының пайдалы 50% -дан 300% -ға дейін. Картоптырғызы топырақ 10-15 см терендігі 7-8°C температурада жылығанда жүргізіледі. Картоптырғызы оптимальды ұзақтығы 7-10 күндерді құрайды. Отырғызуудың басты талаптарының бірі бірдей терендіктеге түйнектерінің дұрыс орналастыру болып табылады. Ескеретін нәрсе, ол топырақ қабаты және түйнектер сыйымдалуы арасында топырақтың 1-2 см борпылдақ қабаты болу керек.

Отырғызған картопка күтім жасау үшін түқымдарды борпылдақ топыракта сактау, арамшөптерден та-зартылған күйде, сонымен қатар, зиянкестер мен ауруларға қарсы өсімдіктер қорғау үшін жүзеге асырылады.

Топырактың шөгуден кейін топырак гербицидтерін қосады. Пайдаланылған технология картоп және қоршаған орта препараторды үшін ең тиімді және қауіпсіз таңдауды қарастырырады. Арамшөпттер қатты көбөю кезінде картоп өскіндері пайда болғанша топырак және жүйелі гербицидтер коспасын пайдалануға болады. Зиянкестерге қарсы күрес тұқым егілген участеклерінде вирустар тасымалдаушылар колорадқонызы және бітлерді жоюға негізделеді.

Топырақ гербицидтерін қосу «Metalfor» бүріккіштері арқылы жүргізіледі. Механикалық құресті қарықтар арасындағы жолдар арамшөптермен жабылуға дейін жүргізуге болады.

**Түйін сөздер:** картоп, тұқымдар, өнгіштік, будандастыру, тыңайтқыштар, түйнектер, егу мерзімі.

**Кіріспе.** Картоп елімізде кең тараған, аса бағалы жоғары калориялы ауыл шаруашылық дақылы. Оның өнімі дүниежүзілік өсімдік шаруашылығында алдыңғы орындарынң бірінде [1-5].

Картоптың жан-жақты пайдалануы оның аса бағалы қасиеттерімен байланысты. Картоп түйнегінде жоғары сапалы белок, витаминдер және басқа заттар болуына байланысты адам үшін аса бағалы азық. Құрамында 14-22% крахмал, 2% белок, С1, В1, В2 және басқа дәрумендер болады.

Картоп әсіресе С витаминіне бай. Қайнатып берілген 300 гр картопта осы витаминнің адамға күнделікті қажет мөлшерінің жартысынан жуығы болады. Күзде қазылынып алғынған картоптың әрбір 100 г – 16 мг С витамині болатындығы анықталды [5-10].

Қазақстанда жүргізілген картоп агротехникасы қолайсыз экологиялық жағдай мен бірінші кезекте жаздың жоғары температурасының көрінісінде қарсы бағытталуы қажет [11].

Оңтүстікте картоп органикалық заттарға бай ылғалды және салқын топырактарда жақсы өседі. Ойпаттар мен өзен жайылмаларында, Орта Азия мен Қазақстанда шалғынның күнгірт, өндөлген шалғынды – батпақты және шымтезекті – батпақты топырак картоп үшін қолайлы. Жақсы өндөліп тыңайтқыш берілген жағдайда сұр топыракта да жақсы өнім алуға болады. Орта Азия мен Қазақстанның таулы аймақтарында органикалық заттарға бай, жеңіл топырактарында да жақсы өнім алғынады. Республикамыздың таулы, суармалы егістерінде овац-шөпті – жусанды ауыспалы егісінде егіледі. Картоп үшін қолайлы алдыңғы егістер – капуста, кияр, бакша өсімдіктері және астық дақылдары. Ал, қызанақ, баклажан және бірнеше жыл картопты бір жерге еккен жағдайда өнімнің нәтижесі нашар болады [12, 13].

#### Картоп өсімдігін бір жерге өсірудің нәтижесі

Көрсеткіштер	Бірінші жыл	Екінші жыл	Үшінші жыл
Картоп өнімділігі, ц га	151,4	104,1	90,2
Өсімдік саны	5,7	12,2	21,7
Ауруға шалдығуы	–	–	–

Люцерна мен көпжылдық аралас шөп жазда егілетін картоп үшін қолайлы, ал ерте сорттар үшін қолайсыз. Оңтүстік – шығыс аудандар үшін кеш пісетін картопты ерте капустаны, сәбізді, бүршақты, күздік бидайды, жүгеріні жинаған соң отырғызуға болады.

Картоп топырактан қоректік заттарды көп мөлшерде қабылдағандықтан минералды тыңайтқышты қажет етеді. Тыңайтқыштар картоптың өсуі мен дамуына, өнім беруіне түрліше әсер етеді [14].

Азот тыңайтқышын картопты егер алдында береді, бірақ кейін вегетациялық мерзімі барысында аздан үстемелеп қоректендіреді. Фосфор тыңайтқышы күзде немесе егердің алдында жыртылған жерге беріледі. Картоп үшін фосфор тыңайтқышын қөңмен араластырып немесе суперфосфатты 2-3 ц/га есебімен және катарпога берген қолайлы [15-18].

Калий тыңайтқышын егілген жерге немесе құрамында калийі аз құнарсыз сұр топыракқа берген дұрыс. Басқа жағдайда калийдің пайдасы аз, ал тұзды топырактарда өнімді кемітіп жібереді. Калиймен күзде және вегетация мерзімінде үстемелеп қоректендіреді. Картоп бұқіл вегетация мерзімі барысында топырактың қоректік заттарын көп қабылдайды, әсіресе түйнек түзе бастаған кезде, сондықтан қосымша қорек беріп тұруды қажет етеді. Ерте пісетін картопты өнгеннен кейін және түйін байлардың алдында екінші рет үстемелеп қоректендіреді. Үстеме қорек ретінде азот

тыңайтқыштарын немесе азот тыңайтқышы мен суперфосфат қосындысын пайдаланады. Минералды және органикалық тыңайтқыштар қосындысы да жақсы қорек бола алады [19-21].

Зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық маңызы: будандастырудан алынған тұқымдардың негізіндегі өндірілген бірінші жылғы түйнекті үрпактарын сараптаудан алынған материалдарды селекцияда ары қарай пайдалану.

**Зерттеу әдістері және материалдары.** Картоп түйнегін егу мерзімдері мен егілу әдісі және жиілігі. Егу мерзімі картоптың шығындылығына елеулі әсер етеді. Картоп ерте немесе өте кеш егілсе, оның шығымдылығының төмендең кетуі ықтимал. Егудің қолайлы мерзімін анықтаған кезде аймақтың топырақ климат жағдайы және өсімдіктің биологиялық ерекшеліктері ескертіледі.

Картоп өсірудің агротехникалық тәсілдері ішінде түйнекті егу жиілігінің ерекше маңызы бар. Түйнекті шамадан тыс жиі егу де, оны сирек егу де картоптың шығымдылығына және түйнектің сапасына зиянды әсерін тигізді. Сонымен қатар картопты егу жиілігі картоптың сортyna, аймақтың топырақ – климат жағдайына, агротехникалық дәрежесіне, егілетін түйнектердің ірі-ұсақтығына, егудің әдісіне және басқа жәйттерге байланысты болады. Орта мерзімді және кеш пісетін сорттарға қарағанда сабағының күлтесі шамалы болатын ерте пісіп жетілуін тездetedі. Ұсақ түйнектерді орташа түйнектерге қарағанда жиірек егу керек.

Ерте пісетін картоп үшін жүргізілетін бірінші жұмыс арам шөп пен топырақтың бетін жұмсарту жұмысын бір-екі рет жүргізеді. Қопсыту жұмысын картоп өнгеннен кейін тоқтатады.

Жазда отырғызылатын картопты 10-12 күнде өнетіндіктен және жаңбырлы кезенге сәйкес келуіне байланысты, топырақтың бетін қопсытып отырады.

Картопты отырғызғаннан кейін ені 20-30 см ерте, қалындығы 3-4 см етіп көнмен жабуға да болады. Бұл агротехникалық шара топырақтың бетінің қатуынан қорғап, ылғалдың сакталуына қамтамасыз етіп, картоп тез өніп ерте және жоғары өнім береді. Картоптың түбін бірінші рет көмгендеге көң тыңайтқыш ретінде қолданылады. Бұдан басқа өнуін тездetedін және өнімін арттыратын топтырақ бетіне жабылатын тас көмірлі тозаң. Көмір тозаңын 3-3,5 т/га есебімен картопты отырғыза салысымен қолданылады.

Қатар аралық өндеде /культивация/ әрбір үлкен жауыннан кейін немесе суарылғаннан кейін 3-4 рет жүргізіледі. Картопқа аса қажетті күтім, оның түбін көму. Көмудегі мақсат тек қана арам шөптен тазартып түбін қопсытуға емес, сонымен қатар картоп түйнектерін жоғары температурадан қорға.

Ерте пісетін картоп бір рет, ал кеш өнім беретін екі рет көміледі. Алғашқы көмуді өсімдік 15-18 см болғанда, екінші рет гүлденудін алдында немесе гүлдей бастағанда жүргізеді.

Картоптың тамырына әсер етпейтін тыңайтқыштарды, қоректік заттармен бүркү арқылы үстемелеп қамтамасыз ету өсімдіктің зат алмасуын күштейтіп, көмірсүтектердің жапырақтан тамырға жетуін тездetedі. Нәтижесінде пісіп жетілуін тездetedі, қарахмалдығын арттырып, өнімді көп берудің әсерін тигіздеді.

**Зерттеу нәтижелері.** Отырғызылған картопты іріктеу және оны дайындаудың картоп егісінде маңызы үлкен. Тұқымдық қасиетінің жоғарылығы түйнектің ірілігімен анықталады. Ирі түйнектерде қоректік зат қоры мол болады. Сондықтан олар толығымен өніп, көп сабакпен әрі жоғары өнімді өсімдік береді.

Үнемдеу мақсатында көбіне картопты бірнешеге кесіп отырғызады. Бұл жағдайда кесілмеген түйнектен отырғызғанға қарағанда аз өнім береді. Себебі өсімдіктер түгелдей өнбейді және біраз бөлігі топырақ астында шіріп кетеді. Картопта ерте әрі мол өнім алу үшін қолданылатын агротехникалық шаралардың бірі – яровизация. Яровизация әсерінен өсімдік түрлері жасыл әрі мықты болып, өсу нүктесінде стадиялы өзгерістер жүріп, нәтижесінде картоп тез жетіліп, ерте өнім береді.

Оңтүстікте картоптың ерте сорттарының яровизациясының маңызы зор. Яровизация әсерінен түйнек түзу бір жарым екі апта бүрын басталып, жазғы ыстық басталмай аяқталады, нәтижесінде өнімі артады.

Картоп түйнектерін топыраққа отырғызудан бүрын 12-15 күн, 1,5-2 апта күн көзінде ұстайды.

Түйнектерде ақ өскіндер пайда болып, ұзындықтары 0,5-1 см-ге жеткенде топыраққа отырғызады /Е.А. Алексеев. 1954/.

Тұқымдық картоптың қатарға себілетін салмағы жиілігі мен түйнектің көлеміне байланысты 2,5-3,5 т/га мөлшерінде болуы қажет, бұдан кемісе өнімнің төмендеуіне әкеледі. Орта Азия мен Қазақстанның ғылыми мекемелерінің тәжірибелері бойынша және алдыңғы қатарлы шаруашы-

лықтарда картопты жаз мерзімінде 12-16 см терендікте отырғызуды ұсынады. Түйнектер ірі және топырақтың механикалық құрамы жеңіл болса, картопты соғұрлым тереңге отырғызады. Ерте көктемде отырғызылатын картоптан ерте өнім алу максаты тұр, ал түйнектің терең, сұық топырақта жатуы оның өнуін кешіктіреді. Сондықтан ерте отырғызылатын картопты аз терендікке отырғызу қажет, 6-8 см. қыстың аязында отырғызганда үсік шалмау үшін 18-20 см терендікке отырғызылады /Г.Коллингс. 1960/. Бұл үшін картопты түйнектерге отырғызып, бетін топырақпен көмеді, сонда картоп 20 см терендікте жатады. Көктемде картопты үсітіп алмаса, сонда түйнектері 8-10 см терендікте қалады.

Картоп көзшелерін алып тастағанда, түйнектің ішкі терең жатқан бөлігінің аувентивті бүршік /яғни сыртқы бүршік/ пайда болады. Ылғал құмфа /5-10°C/ картоп түйнектерін отырғызып оның топыраққа отырғызудан екі ай бұрын көзшелерін 0,5-1 см. кесіп алып тастағанда, жаракаттанған ткань активтеніп 1,5-2 айдан кейін қалың қабық каллюс түзіледі. Біртіндеп осы мерисистемалық клеткадан аувентивті бүршік, одан соң өркен пайда болады. Түйнек көзшелері спираль тәрізді орналасқан. Түйнек үш жағымен өсетін болғандықтан, жоғарғы бөлігінде көзшелері бір-біріне жақын орналасқан.



1-сурет – Картоптың орташа және кіші фракцияның түйнектері



2-сурет – Картоптың әртүрлі тұқымдардың түйнектерінің көрінісі

**Қорытынды.** Картоп сорттарына байланысты формасы мен тұсі әртүрлі. Картоп формасы оның ұзындығының еніне және енінің қалындығына қатынасына байланысты анықталады. Осыған байланысты түйнектер ұзын, дөңгелек, сопақ, жалпақ, және т.б. формада болады. Картоптың формасы қоректенуіне, климаттық жағдайларға, ауруларға байланысты өзгеруі мүмкін. Тұсіне байланысты ақ, қызыл, ашық қызыл, көкшіл – күлгін түстеге кездеседі. Түйнектің ішкі бөлігінің тұсі ақ және сарғыш, тек кейбір сорттарының тұсі ғана қызыл немесе көк-күлгін.

Түйнектің тыныштықта ғана көзше бүршіктерінен өркен пайда болады, бұлар жарықта қысқа, берік және боялған, ал қараңғыда жінішке, ұзын және /этнолированные/. Картоптың тұсі, формасы өрнек жолы картоптың сорттық белгілерін анықтайды. Өркеннің сыртқы көрінісі тек жарықта ғана байланысты емес, сонымен қатар температура мен ылғалдылыққа да байланысты.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Айтбаев Е.Т., Шивченко В.К., Тоқбергенова А.Ж., Хасанов В.Т. Картоп дақылының шығу тарихы. Сер. с/х ветеринария и биология наук. 2010. № 3. – Б. 37-47.
- [2] Федеренко А. Картофель. Москва, 2002. – 45 с.
- [3] Әбділдаев В.С., Әмренов Б.Р. Картоптың тұқымдық түйнектерін бөліктеге бөліп отырғызу. «Жаршы». Алматы, 2001, №1. – Б. 3.
- [4] Бабаев С.А., Абдильдаев В.С. Особенности роста и развития растений картофеля в зависимости от схемы выращивания элиты. «Вестник». Алматы – 2001, № 2 – С. 13-16.
- [5] Жандарбекова А., Қойшыбаев М. Картоп түйнектерін отырғызар алдында препараттар мен өндөу тиімділігі. «Жаршы». Алматы – 2001, №12. –Б.14-16.
- [6] Томбаева Д.К. Агротәсілдердің тұқымдық картоп түйнектерінің шығымы мен өнімділігіне әсері // Жаршы. – 2008. № 5. –Б. 8-10.
- [7] Шарипова Д.С. Картопты барапқы материалын шаруашылық бағалы жиынтық бойынша. – Алматы: Жаршы. № 4. – 2006. – 12 б.
- [8] Абдильдаев В.С., Бабаев С.А., Ахметова Ф.С. Картоп дақылы. – Алматы, 2000. – 156 б.
- [9] Свереда Н.И. Оценка сортов и гибридов на стойкость против фитофтороза и выделение исходных форм для практической селекции в западном регионе: Автореф. Канд. с.-х. наук: 06.01.05. К: Инст. Земл-ва, 2000. – 20 с.
- [10] Бабаев С.А. Сорта и перспективные гибриды картофеля для переработки. «Почвоведение». Алматы -2003, № 1. – С. 23-27.
- [11] Сейтмуратов Б.Ж., Нусипжоаев Т., Баядилова Г.О. Анализ сортов на восприимчивость к вирусным болезням // материалы Международной научно-практической конференции: Экологические проблемы агропромышленного комплекса. – Алматы, 2004. – С. 377-383.
- [12] Красавин В.Ф. Устойчивость перспективных сортов картофеля к стрессовым фактором и болезням. Журнал. Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. Бастау. – Алматы, 2004. № 6. – С. 38-40.
- [13] Шойынбаева Қ., Ешибаев А., Макеева А. Оңтүстік Қазақстан облысында аудандастырылған картоп сорттарын меристемдік технология әдістерімен вирустардан сауықтырудың қазіргі кездегі мәселесі. Жаратылыстану және техника ғылымдарының сериясы. 2009 № 1. – Б. 21 – 24. 7 атату
- [14] Чередниченко Л.М. Использования генофонда картофеля для создания фитофторостойкого исходного селекционного материала:Автореф. Канд. с.-х. наук: 06.01.05. К: Инст. Цукр. Свекл., 2000. - 20 – 27 с.
- [15] Ашимов Т.А., Танатарова Г. Картоптың тұқымнан көбейту //Биология және салауаттылық негізі – 2005. - № 3. Б. 8-11.
- [16] Ашимов Т.А, Танабаева С. Картоп дақылын көшет арқылы тұқыммен көбейту // Таптым – таптым = Эврика. – 2007. - № 7. Б. 39-42.
- [17] Кипрушкина Е.И., Петров В.Б., Чеботарь В.К. Защитно-стимулирующие свойства биопрепарата при вегетации и хранении картофеля // Доклады российской академии сельскохозяйственных наук. – 2005. № 3. - С. 21-24.
- [18] Филиппов А.В. Фитофтороз картофеля. Защита и карантин растений. – Москва, 2005. - 123 с.
- [19] Жанарбекова А.Б., Қойшыбаев М. Особенности развития макроспориоза и альтернариоза картофеля // Вестник сельскохоз. Науки Казахстана: Бастау. – 2001. № 5. –С. 23-26.
- [20] Мәрәмұлы Ә.А. Картоп шаруашылығындағы өндіріс үшін вируссыз минитүйнектер алушын аэропонды техникасын жасау. – Алматы. – 2009. – Б. 27 -32.
- [21] Чертер Ж. Картоп зиянкестері және оларға карсы құрес тәсілдері. // Хабаршы. № 2. – 2000. –Б. -15-20.

## REFERENCES

- [1] Ajtbaev E.T., Shivchenko V.K., Toqbergenova A.Zh., Hasanov V.T. Kartop daqylynuң shyfu tarihy. Ser. s/h veterinarija i biologija nauk. 2010. № 3. – B. 37 – 47.
- [2] Federenko A. Kartofel'. Moscow, 2002. – 45 s.
- [3] Әbdildaev V.S., Әmrenov B.R. Kartoptun tұқымdyk tүjnekterin belikterge bөlіp ottyrғyzu. «Zharsky». Almaty – 2001, №1. – B. 3.
- [4] Babaev S.A., Abdil'daev V.S. Osobennosti rosta i razvitiya rastenij kartofelja v zavisimosti ot shemy vyrashhivaniya jelity. «Vestnik». Almaty – 2001, № 2 – S. 13-16.
- [5] Zhandarbekova A., Kojsybaev M. Kartop tүjnekterin ottyrғyzar aldynda preparattar men өндөu tiimdiligi. «Zharsky». Almaty – 2001, №12. –B.14-16.
- [6] Tombaeva D.K. Agrotesilderdiң tұқымdyk kartop tүjnekteriniң shyfумы мен өnimdilige әseri // Zharsky. – 2008. № 5. –B. 8-10.
- [7] Sharipova D.S. Kartopty bastapky materialyn sharuashylyққа бағалы zhiyntyk bojynsha. – Almaty: Zharsky. № 4. – 2006. – 12 b.
- [8] Abdil'daev V.S., Babaev S.A., Ahmetova F.S. Kartop daqyly. – Almaty, 2000. – 156 b.
- [9] Svereda N.I. Ocenka sortov i gibridov na stojkost' protiv fitoftorozha i vydelenie ishodnyh form dlja prakticheskoy selekcii v zapadnom regione: Avtoref. Kand.s. – h. Nauk: 06.01.05. K: Inst. Zeml – va., 2000. – 20 s.
- [10] Babaev S.A. Sorta i perispektivnye gibridy kartofel'ja dlja pererabotki. «Pochvovedenie». Almaty -2003, № 1. –S. 23-27.
- [11] Sejmuratov B.Zh., Nusipzhoaev T., Bajadilova G.O. Analiz sortov na vospriimchivost' k virusnym boleznjam // materialy Mezhdunarodnoj nauchno – prakticheskoy konferencii: Jekologicheskie problemy agropromyshlennogo kompleksa. – Almaty, 2004. – S. 377-383.
- [12] Krasavin V.F. Ustojchivost' perspektivnyh sortov kartofel'ja k stressovym faktorom i boleznjam. Zhurnal. Vestnik sel'kohazjajstvennoj nauki Kazahstana. Bastau. – Almaty, 2004. № 6. – S. 38-40.

- [13] Shojynbaeva K., Eshibaev A., Makeeva A. Оңтүстік Қазақстан облысында audandastyrylған kartop sorttaryn meristemlik tehnologija ədisterimen virustardan sauqtyrudyн kazirgi kezdegi мәсеси. Zharatlystanu zhөне tehnika fulymdaryunuң serijasy. 2009 № 1. – В. 21 – 24. 7 a tau
- [14] Cherednichenko L.M. Ispol'zovaniya genofonda kartofel'ja dlja sozdaniya fitofoftorojskogo ishodnogo selekcionnogo materiala: Avtoref. Kand.s. – h. Nauk: 06.01.05. K: Inst. Cukr. Svekl., 2000. - 20 – 27 s.
- [15] Ashimov T.A., Tanatarova G. Kartopty тұқымнан көбейту // Biologija zhөне salauattylyқ negizi – 2005. -№ 3. В. 8-11.
- [16] Ashimov T.A, Tanabaeva S. Kartop dakylын көшет arkyly тұқymmen kөбейту // Taptym – taptym = Jevrika. – 2007. - № 7. В. 39-42.
- [17] Kiprushkina E.I., Petrov V.B., Chebotar' V.K. Zashhitno – stimulirujushchie svojstva biopreparata pri vegetacii i hranenii kartofelja // Doklady rossijskij akademii sel'shozjastvennyh nauk. – 2005. № 3. - S. 21-24.
- [18] Filipov A.V. Fitoftoroz kartofel'ja. Zashhita i karantin rastenij. – Moskva, 2005. - 123 s.
- [19] Zhanarbekova A.B., Kojshibaev M. Osobennosti razvitiya makrosporioza i al'ternarioza kartofelja // Vesnik sel'skohoz. nauki Kazahstana: Bastau. – 2001. № 5. –S. 23-26.
- [20] Мөрәмұлы Ә.A. Kartop sharuashylyryndary өндiris үshin virussyz minityjnекter aludyн ajeropondy tehnikasyn zhasau. – Almaty. – 2009. – В. 27 -32.
- [21] Cherter Zh. Kartop zijankesteri zhөне olarғa қarsy kyres tөsilderi. // Habarshy. № 2. – 2000. –В. -15-20.

**А. Б. Ильясова, Д. Е. Кудасова, К. У. Султангалиева, А. Д. Дауылбай, Ж. Қ. Ибраимова**

Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

### **ИССЛЕДОВАНИЕ ДИНАМИКИ ВСХОЖЕСТИ СЕМЯН РАСТЕНИЙ, ПОЛУЧЕННЫХ ОТ СКРЕЩИВАНИЯ КАРТОФЕЛЯ**

**Аннотация.** Картофель в Казахстане является одним из самых потребляемых продуктов растениеводства. Среднее потребление картофеля на душу населения в Казахстане составляет 120–130 кг в год на человека, т.е. картофель для казахстанцев по-прежнему является «вторым хлебом».

Перспектива развития картофелеводства во многом зависит от экономической эффективности отрасли. В последние годы производство и реализация картофеля наравне с овощами в Казахстане является наиболее прибыльной культурой. Уровень рентабельности картофелеводческих хозяйств составляет от 50 до 300%. Посадка картофеля проводится тогда, когда почва прогревается на 7–8° С на глубину 10–15 см. Оптимальная продолжительность посадки картофеля – не более 7–10 дней. Одним из основных требований к посадке является правильная укладка клубней на одинаковую глубину. Необходимо, чтобы между уплотненным слоем почвы и клубнем был слой рыхлой почвы в 1–2 см.

Уход за посадками картофеля проводится с целью поддержания посевов в рыхлом, чистом от сорняков состоянии, а также защиты растений от вредителей и заболеваний.

После усадки почвы вносятся почвенные гербициды. Применяемая технология предусматривает выбор наиболее эффективных и безопасных для картофеля и окружающей среды препаратов. При сильной засоренности сорняками можно использовать смеси почвенных и системных гербицидов до появления всходов картофеля. Борьба против вредителей в основном заключается в уничтожении колорадского жука и тлей – переносчиков вирусов на семенных участках. Внесение почвенных гербицидов осуществляется с помощью опрыскивателей «Metalfor». Механическую борьбу можно проводить при сильной засоренности только до непосредственного смыкания ботвы в междуурядьях.

**Ключевые слова:**картофель, семена, всхожесть, гибридизация, удобрения, клубни, срок посева.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Ильясова Аида Бауыржанқызы – магистр, оқытушы, М. Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университете, «Химиялық инженерия және Биотехнология» жоғарғы мектебі, «Биотехнология» кафедрасы

Кудасова Дариха Ерәділқызы – магистр, оқытушы, М. Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университете, «Химиялық инженерия және Биотехнология» жоғарғы мектебі, «Биотехнология» кафедрасы

Султангалиева Қарлығаш Үсіпханқызы – доктор PhD, аға оқытушы, М. Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университете, «Химиялық инженерия және Биотехнология» жоғарғы мектебі, «Биотехнология» кафедрасы

Дауылбай Амина Дүйсенханқызы – ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университете, «Химиялық инженерия және Биотехнология» жоғарғы мектебі, «Биотехнология» кафедрасы

Ибраимова Жұлдыз Қайратқызы – доктор PhD, оқытушы, М.Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университете, «Химиялық инженерия және Биотехнология» жоғарғы мектебі, «Биотехнология» кафедрасы

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL**

ISSN 2224-5308

Volume 4, Number 322 (2017), 71 – 77

**Zh. K. Ibraimova, D. E. Kudasova, A. D. Dauylbai, S. Zh. Lesbekova, A. A. Ospanova**

M. Auezov South-Kazakhstan State university, Shymkent, Kazakhstan.  
 E-mail: ibraimovajuldiz@mail.ru

## **PURVEYANCE OF SILO BIOLOGICAL STARTER ON THE BASIS OF *LACTOBACILLUS PLANTARUM-52* FOR FEEDING OF COWS**

**Abstract.** In this work results of applied research of a biotechnological industry with the use of difficult preserved vegetable cultures and addition by it the preserved properties having very high on the basis of *Lactobacillus plantarum-52* biological products for the purpose of increase in productivity of farm animals are given for the first time in the country.

Active use of a bacterium of this medicine will bring to increase in amount of organic including lactic acids. Besides provide an ammonification process situation, to preserving general experience, solid and organic substances as a part of a silo. This benefit in the microbiological way of conservation of forages of fodder plants including and of season it is possible to prepare by this method irrespective of weather conditions without costs the difficult silaged, separately not silaged fodder silo.

Summing up the results of the laboratory experiments of chosen difficult silaged herbs in structure easily silaged ones including many herbs of cereal cultures which contain a lot of sugar, it is possible to make production silage experiments, it is possible to determine influence on performance by the received collections of a silo a yield of milk of cows. As in a lucerne sugar for oxidation of mass of a silo, ensuring safety of a ready silo doesn't suffice (pH 4-4,2).

It is known that bacteria can exist only in damp places. Therefore if at plants there is the least of moisture, then process of fermentation happens slowly. Necessary for receipt of a high-quality silo humidity shan't exceed 70-75%. Bioferments are improved by taste of a forage and enrich with various vitamins. Besides, in such sterns lactic acid in a certain quantity accumulates. As a result of it animals eat this sour forage with pleasure. It is proved that in case of adding in a forage of bioferments protein content in terms of solid increased by 13-17%.

**Keywords:** the period of a lactation, *Lactobacillus plantarum-52*, a diet, the combined silo, a Sudanese grass, a lucerne

ӘОЖ 618.63:610

Ehdaie 2003 жылы өзінің әріптестерімен күздік бидайдың Pavon сортындағы 1RS транслокациясының болуы үлкен биомассасың және суару жағдайында өнімділіктің жоғары болуымен корреляцияланатындығын айтты [13]. Қарабидай транслокациясының ауруға төзімді бірқатар гендермен байланысқандығы (*Lr26*, *Sr31*, *Yr9* және *Pm8*) және құргақшылыққа төзімділікке кіретін, кешенді бейімделген сипаттамасыз ететіндігі туралы мәліметтер бар [14].

*Lr37* генінің көзі *Aegilops ventricosa* болып табылады. Бұл генді Бариана мен Макинтош 1991 жылы идентификациялап және 2AS хромосомасына жинақтады [15]. Бұл геннің тасымалдаушылары ювенильді фазада залалданады, сондай-ақ өсken сайын төзімділігін байқата бастайды [16]. Татқа төзімділіктің үш генін қамтыған ұзын хромосомалық бөлік (25-38 см) 2NS хромосоманың қысқа иықтарының арасында *Triticum ventricosum*-нен жұмысқа бидайдың 2AS хромосомасына көшірілді. Бұл сегмент ауруларға төзімділіктің үш генін қамтыған: қоңыр, сары және сабакты татқа төзімді соған сәйкес *Lr37*, *Yr17* және *Sr38* гендері. 2NS бөлігі алғаш рет бидайдың VPM сорттарына ин-

тропрессияланды, ал артынша ол Madsen және Thatcher сияқты өзге коммерциялық сорттарға көшірілді [17, 18].

СИММИТ-тің ғалымдар тобымен бидайдың Parula (FKN/3/2\*Frontana//Кения350AD.9C.2/Gaboo55/4/Bluebird/Chanate) сортында *Lr68* APR-гені индетификациянып, 7B хромосоманың ұзын иығында орналастырылды. Бұрында ол *LrP* деп аталған. *Lr68* генін фланкирлейтін молекулалық маркерлер анықталды, оларды маркерлік селекцияда қолдануға болады. Parula сортын СИММЫТ ғалымдары 1981 жылы шыгарған, ол сондай-ақ *Lr34* және *Lr46* сияқты APR-тұрақтылық гендерін біріктірген [19-21]. *Lr68* генінің шығу тегіне Frontana бразиялық сортына жатуы мүмкін [22].

ДНҚ-технологияларды әзірлеу бойынша кең ауқымды зерттеулерді жүргізуін қажет екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл бидай сорттарының таттан қандай гендермен қорғалғандығына байланысты әр өндеу факторының генотипке әсерін анықтауға болады.


**Зерттеу әдістері мен материалдар.** Зерттеу нысаны ретінде бакылау тәлімбағындағы (БТ) 14 бидай линия және конкурстық сортсайнаудан (КСС) 7 линия алынды. Коңыр тат патогенине дифференциатор ретінде Канадада Thatcher сортының негізінде шыгарылған изогенді *Lr*-линиялардың сериясы қолданылды. ҚазЕӨШФЗИ (Алмалыбақ, Қарасай ауданы, Алматы обл.) далалық жағдайында бидай линияларының коңыр татқа ауруына төзімділігіне генетика-селекциялық және фитопатологиялық баға беру жүргізді.

Дәнді дақылдардың морфологиялық белгілері мен өнімділік көрсеткіштерін анықтау селекция мен тұқым зерттеу әдістемелік нұсқаулары бойынша жүзеге асырылды [23].

Геномдық ДНҚ бидайдың 5 күндік өскінінен СТАВ әдісінің негізінде бөлінді [24]. Тұрақтылық гендерінің тасымалдаушыларын идентификациялау үшін X.M.Chen et al. хаттамасына сәйкес полимеразды тізбектік реакция (ПТР) әдісі қолданылды. Амплификация өнімдерінің өлшемдері Gene Mapper Software 4.0 (Applied Biosystems) программасы арқылы және аллельдердің өлшемі программалық жабдық арқылы анықталды [25]. Амплификация BioRad (T100, АҚШ) амплификаторында орындалды.

ПТР-ға арналған реакциялық қоспаның мөлшері 10 мкл құрады және онда Тақ-полимераза үшін 1 мкл 10x буфер, 1 мкл dNTP, 0,2 мкл әрбір праймер, 0,2 мкл Тақ-полимераза, 6,4 мкл MQ-H<sub>2</sub>O болды. ДНҚ фрагментінің бөлінуі 2%-дық агарозалық гельде горизонтальды электрофорезде (SCIE-PLAS) жүзеге асырылды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Зерттеу жұмысында болашағы бар құздік бидай линияларына коңыр татқа төзімді (*Lr68*, *Lr19/Sr25*, *Lr26/Sr31/Yr9/Pm8* және *Lr37/Sr38/Yr17*) гендері идентификацияланды. Амплификацияланған ДНҚ үзінділерін ажырату үшін электрофорез 2% агарозалы гельде жүргізілді. Өлшемі 130 н.ж. құрайтын *Lr19/Sr25*-ке арналған Gb R/F маркерін амплификациялау өнімі тек бақылаулардаған көрсетті. (1-сурет). Бидайдың қалған генотиптерінің амплификация өнімдерінде сипатты фрагмент түзілмеді.




М - маркердің молекулалық салмағы (Gene- Ruler 100bp DNA Ladder); 1 - 1137, 2 - Адир x Yr2, 3 - 425 x Обрий, 4 - BDME x Yr2, 5 - Санзар x BWKLDN9, 6 - Бермет x MK3797, 7 - Купава x Avocet (S), 8 - Таза x MK3750, 9 - Санзар x Анза, 10 - Тилек x KLDN-33, 11 - Наз x ГФ55, 12 - Алмалы x ГФ92, 13 - 428g x MK-122A , 14 - Yr2 x Октябрина, 15 - 425 x ГФ55, 16 - 425 x Ренан , 17 - Наз x ГФ55, 18 - он бақылау *Lr19* (TC\*7/Tr (RL6040), 19 - он бақылау, *Sr25* (LcSr25Avs)

1-сурет – STS типті Gb F/R маркерді қолданып *Lr19/Sr25* кешенді гендерін идентификациялау

Қара бидай транслокациясы селекцияда кеңінен қолданылады, себебі олар абиотикалық және биотикалық күйзелістерге төзімді болып саналады. *Lr26*, *Sr31*, *Yr9* және *Pm8* гендері I хромосоманың қысқа иығында орналасқан, және коңыр, сары, сабакты, ақұнтақ ауруларына жауапты екені белгілі [26]. 1BL/1RS транслокациясын идентификациялау үшін SCMI F/R праймерін қолданып ПТР амплификациясы WheatCap сайтында көрсетілген протокол бойынша жүргізілді [2]. 1BL/1RS

қарабидай транслокциясы ген тасымалдаушыларын идентификациялау барысында оң бақылау ретінде Seri-82 сорты қолданылды. ПТР жүргізу нәтижесінде күтілетін амплификация өнімінің молекулалық салмағы 220 ж.н. құрады. 2-ші суретте 17 бидай линияларының генотиптері көрсетілген (2-сурет). Зерттеу нәтижесінде *Lr26/Sr31/Yr9/Pm8* кешенді гені бар BWKLDN-9 x FAW3750, F<sub>5</sub>428g x MK-122A линиялары ерекшеленді.




M - маркердің молекулалық салмағы (Gene- Ruler 100bp DNA Ladder); 1 - F<sub>7</sub> Yr2 x Октябрина, 2 - F<sub>5</sub> Наз x ГФ55, 3 - F<sub>5</sub> 425x ГФ55, 4 - F<sub>5</sub> 425x Ренан, 5 - BWKLDN-9 x FAW3750, 6 - Parula, 7 - F<sub>5</sub> N91 x 5347, 8 - F<sub>5</sub>428g x MK-122A , 9 - F<sub>5</sub>5221x Алмалы, 10 - F<sub>5</sub>5221x Алмалы, 11 - F<sub>5</sub>5221x Алмалы, 12 - F<sub>5</sub> Avs x Naz 272, 13 - F<sub>5</sub> Avs x Наз 272, 14 - F<sub>5</sub> Avs x Наз 272, 15 - F<sub>5</sub>Parula x 293a. 2006, 16 - F<sub>5</sub> Parula x 293a. 2006, 17 - F<sub>5</sub> Parulax 293a. 2006, 18 - Seri 82 (оң бақылау), 19 - теріс бақылау, ddH<sub>2</sub>O

2-сурет – STS типті SCM9 маркерді қолданып *Lr26/Sr31/Yr9/Pm8* кешенді гендерін идентификациялау

*Lr37* гені 2AS хромосомасында шоғырланған, ген көзі ретінде *Triticum ventricosa*, тестеріне VPM1 линиясы жатады. *Lr37* гені *Sr38* және *Yr17* гендерімен тіркескен [27-29]. *Lr37* генін тасымалдаушыларды сәйкестендіру үшін LN/Ventriup CAPS праймерлерін қолданумен ПТР амплификациясы жүргізілді. Оң бақылау ретінде *Lr37* сәйкестендірілген төзімділік гені бар америкалық Madsen сорты, ал теріс бақылау ретінде – ddH<sub>2</sub>O қолданылды. Амплификацияланған ДНҚ үзінділерін ажырату үшін электрофорез 2% агарозалы гелінде жүргізілді. Madsen сортын оң бақылауын санамағанда, бидайдың зерттелген 38 генотиптің бірде-бір линиясында татқа қарсы *Lr37/Yr17/Sr38* төзімділік гендері кешенінің болуын көрсететін, өлшемі 262 н.ж. құрайтын ДНҚ үзіндісі табылмады.

*Lr68* гені бидайдың қоңыр татының баяу дамуы қамтамасыз ететін жасқа байланысты төзімділік гені (APR) болып табылады. *Lr68* гені 7BL хромосомасында шоғырланған, геннің шығу тегі *Triticum aestivum* [30]. *Lr68* генін тасымалдаушыларды сәйкестендіру үшін csGS-F/RSTS маркерін қолданумен ПТР амплификациясы жүргізілді. Оң бақылау ретінде *Lr68* сәйкестендірілген төзімділік геніне ие Parula сорты, теріс бақылау ретінде – ddH<sub>2</sub>O қолданылды. Амплификацияланған ДНҚ үзінділерін ажырату үшін электрофорез 2% агарозалы гелінде жүргізілді. Өлшемі 385 ж.н. құрайтын *Lr68* геніне арналған амплификациялау өнімдері бақылау БТ тәлімбағының 7 болашағы бар линиясынан және конкурстық сортсайнау КСС тәлімбағының жаңа линияларынан 2 үміткер табылды (3-сурет).

Бірінші кестеде бақылау БТ және конкурстық сортсайнау КСС тәлімбақтарының константалық сұрыптарын, будандық формаларымен болашағы бар линияларын қамтитын бидайдың 38 линиясына *Lr68* және *Lr19/Sr25*, *Lr26/Sr31/Yr9/Pm8*, *Lr37/Sr38/Yr17* кешендері төзімділік гендерімен ілініскең молекулалық маркерлерді қолданумен молекулалық скрининг жүргізуіндегі нәтижелері көрсетілген.



M - Маркердің молекулалық салмағы (Gene- Ruler 100bp DNA Ladder) ; 1 - 428g x MK-122A, 2 - Наз x ГФ55; 3 - Алмалы x ГФ92; 4 - Алмалы x Обрий; 5 - Наз x Иммун78; 6 - Наз x Обрий; 7 - Наз x Обрий; 8 - Наз x ГФ55; 9 - Наз x ГФ55; 10 - 425 x Обрий; 11 - 428 x Уманка; 12 - 428 x Уманка; 13 - 425 x Уманка; 14 - 425 x ГФ55; 15 - Купава x Avocet (S); 16 - BWKLDN-9 x FAW3750; 17 - Yr2 x Адир; 18 - Parula (оң бақылау); 19 - теріс бақылау, ddH<sub>2</sub>O

3-сурет – STS типті csGS-F/R маркерді қолданып *Lr68* генін идентификациялау

1-кесте – Селекциялық материалға *Lr68*, *Lr37*, *Lr26* және *Lr19* төзімді ген тасымалдаушыларының молекулалық скрининг нәтижелері

№	Бидай линиялары мен сорттардың атаяуы	<i>Lr19</i> праймер – GbF/R	<i>Lr26</i> 1BL/RS, праймер – SCM9 F/R	<i>Lr37</i> праймер – LN2/Ventriup F/R	<i>Lr68</i> праймер – csGsF/R
Бақылау тәлімбагы (БТ)					
1	428g x МК-122A	–	–	–	–
2	Наз x ГФ55/1	–	–	–	–
3	Алмалы x ГФ92/1	–	–	–	–
4	Алмалы x Обрий	–	–	–	385п.н
5	Наз x Иммун78	–	–	–	–
6	Наз x Обрий/2	–	–	–	385п.н
7	Наз x Обрий/3	–	–	–	–
8	Наз x ГФ55/1	–	–	–	–
9	Наз x ГФ55/2	–	–	–	385п.н
10	425 x Обрий	–	–	–	–
11	428 x Уманка/1	–	–	–	385п.н
12	428 x Уманка/2	–	–	–	385п.н
13	425 x Уманка/3	–	–	–	–
14	425 x ГФ55	–	–	–	–
15	Купава x Avocet (S)	–	–	–	–
16	BWKLDN-9 x FAW3750	–	220 п.н.	–	385п.н
17	Yr2 x Адир	–	–	–	–
18	Наз x ГФ55/4	–	–	–	–
19	Алмалы x ГФ92/2	–	–	–	–
20	1137	–	–	–	385п.н
21	Адир x Yr2	–	–	–	–
22	425 x Обрий	–	–	–	–
23	BDME x Yr2	–	–	–	–
24	Санзар x BWKLDN9	–	–	–	–
25	Бермет x MK3797	–	–	–	–
Конкурстық сортсынау тәлімбагы (КСС)					
26	A-A p-k x Progress	–	–	–	–
27	Купава x Avocet (S)/1	–	–	–	–
28	Купава x Avocet (S)/2	–	–	–	–
29	Таза x MK3750?	–	–	–	–
30	Санзар x Анза	–	–	–	–
31	Тилем x KLDN-33	–	–	–	–
32	Naz x ГФ55	–	–	–	–
33	Алмалы x ГФ92	–	–	–	–
34	428g x МК-122A	–	220 п.н.	–	385п.н
35	Yr2 x Октябрина	–	–	–	–
36	425 x Ренан	–	–	–	–
37	Наз x ГФ55	–	–	–	–
38	425 x ГФ55	–	–	–	385 bp

Болашакта жаңа сорт шығарылатын тәлімбактардағы линиялардан (БТ, КСС) *Lr*-гендерге ие болған және өнімділігі жоғары болашағы бар линиялар іріктелеп алынды. Бақылау тәлімбакынан (БТ) 7 линия (Алмалы x Обрий, Наз x Обрий, Наз x ГФ55, 428 x Уманка, 428 x Уманка, BWKLDN-9 x FAW3750, №1137), ал конкурстық сортсинаудан (КСС) 2 линия (428g x МК-122A, 425 x ГФ55) *Lr68* генінің тасымалдаушылары болып табылды. BWKLDN-9 x FAW3750, 428g x хМК-122A болашағы бар линияларында *Lr68* және *Lr26/Sr31/Yr9/Pm8* гендері идентификацияланды. Идентификацияланған *Lr*-ген тасымалдаушыларын болашакта жаңа сорт шығаруда қолданылып соңғы жылдық сынақтан өтіп жатыр.

Өсімдіктің биіктігі бойынша ең ұзыны 134 см F5 Наз/ГФ55 линиясында анықталды, ең төменгі көрсеткіш F5 425/ Ренан линиясында байқалды ұзындығы 76 см болды.

Өнімділігі бойынша стандарт сорт Пиротрикс 50 сорттынан 2,0–12,9 ц/га, яғни түсімі сәйкесінше 3,4% және 22,0%-ға ең жоғары F5 425/ГФ55 линия іріктелеп алынды (2-кесте)

2-кесте – Конкурстық сортсинаудағы линиялардың өнімділігі бойынша  
құрылымдық анализ мен фитопатологиялық бағалауы, Алмалыбак

Тәлімбак	Ката-лог №	Атауы	Масактану күні	Өсімдіктің ұзындығы, см	Қоңыр татқа төзімділігі	Өнімділік, ц/га	St-тан ауыткуы	Масактың ұзындығы, см	Масактағы масакша саны, дана	Масактағы дән саны, дана	Масактағы дән салмағы, г	1000 дәннің салмағы, г
KCC		Пиротрикс 50St.		112	50S	58,5	-	10,18	19,18	47,75	2,26	43,44
KCC	371	F6 Taza / MK3750	20.05.	90	20S	67,3	+8,8	11,77	21,29	51,43	2,79	55,01
KCC	1016	F5 Наз/ГФ55	20.05.	100	5MR	65,6	+7,1	14,03	24,43	67,14	3,19	47,38
KCC	1024	F5 Алмалы /ГФ 92	22.05.	96	40MS	63,45	+4,95	11,64	20,1	59,5	3,15	53,03
KCC	1055	F5 428g/МК -122A	22.05.	86	0	67,4	+8,9	12,7	23,3	60,1	2,51	41,67
KCC	1070	F5 Наз/ГФ55	18.05.	134	30MS	65,4	+6,9	10,96	19,96	46,22	2,15	42,76
KCC	1090	F5 425/ Ренан	22.05.	76	20MS	60,5	+2,0	8,05	17,79	37,08	1,75	43,36
KCC	1102	F5 425/ГФ55	22.05.	93	0	71,4	+12,9	12,93	23,43	66,87	3,45	47,28
Орташа қателік m			–	13,10	–	8,02	0,96	0,61	0,71	2,91	0,33	3,81
Тәжірибелің нақтылығы m%			–	49,13	–	43,99	63,29	0,64	0,40	0,64	1,50	0,98
Қателік айырымы md			–	18,47	–	11,30	1,35	0,86	1,00	1,11	0,47	5,37
Ең елеулі айырмашылық EEA 0,95			–	38,79	–	23,74	2,83	1,81	2,09	8,62	0,98	11,27

Қоңыр татқа төзімділік F5 428g/МК -122A, F5 425/ГФ55, F5 Наз/ГФ55 (0-5MR) линияларында байқалды. F5 Алмалы /ГФ 92, F5 Наз/ГФ55, F5 425/ Ренан (20MS-40MS) линиялары қалыпты төзімсіздік, ал F6 Taza/MK3750 линиясы төзімсіздік көрсетті (4-сурет).

Сонымен, жоғары өнімділігі мен қоңыр татқа жоғары төзімділігі үйлескен бидай линияларынан конкурстық сортсинау (КСС) тәлімбағынан – 7 линия іріктелеп алынды, олардың ішінде F6 Taza / MK3750, F5 Наз/ГФ55, F5 Алмалы /ГФ 92 F5 428g/МК -122A, F5 Наз/ГФ55, F5 425/ Ренан және F5 425/ГФ55. Конкурстық сортсинау тәлімбағынан іріктелініп алынған линиялар келешелекте өнімді және қоңыр татқа төзімді жаңа сорт шығаруда зерттеліп жатыр.

**Қорытынды.** Селекциялық процестің соңғы кезеңіндегі (БТ, КСС) бидай линияларын молекулалық скринингтің негізінде *Lr*-гендерге ие болған және өнімділігі жоғары болашағы бар линиялар іріктелеп алынды. Бақылау тәлімбағынан *Lr68* гені бар 7 линия (Алмалы x Обрий, Наз x Обрий, Наз x ГФ55, 428 x Уманка, 428 x Уманка, BWKLDN-9 x FAW3750, №1137) анықталды. Конкурстық сортсинаудан 2 *Lr68* генінің тасымалдаушысы (428g x МК-122A, 425 x ГФ55) табылды. *Lr26/Sr31/Yr9/Pm8* ген кешені 2 линияда BWKLDN-9 x FAW3750, 428g x МК-122 идентификацияланды. Фитопатологиялық бақылау бойынша қоңыр татқа төзімділік F5 428g/МК -122A,



F5 428g/MK -122A, 0



F5 Наз/ГФ55, 5MR



F5Алмалы/Гф92, 40MS



Приотрикс 50 St., 50S

4-сурет – Күздік бидай линияларының қоңыр тат ауруымен залалдану реакциясы

F5 425/ГФ55, F5 Наз/ГФ55 (0-5MR) линияларында байқалды. F5 Алмалы /ГФ 92, F5 Наз/ГФ55, F5 425/ Ренан (20MS-40MS) линиялары қалыпты төзімсіздік, ал F6 Taza/MK3750 линиясы төзімсіздік көрсетті. Ирітелген болашағы бар бидай линиялары өнімділігі мен және қоңыр татқа төзімділігімен ерекшеленеді. Идентификацияланған *Lr*-ген тасымалдаушыларын болашақта жаңа сорт шығаруда қолданылып соңғы жылдық сынақтан өтіп жатыр.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Morgounov A. Wheat exchange network breeds new life into varietal development. <http://www.cymmyt.org>. 14.05.2012.
- [2] Agrios G. Plant Pathology / Fifth Edition. California: Academic Press, 2005. – 462 p.
- [3] Жиенбаев Ж. Дәнді дакылдардың аурулары. – Алматы, 1974. – 234 б.

- [4] Vanzetti L.S., Campos, P., Demichelis, M., Lombardo, L.A., Aurelia, P.R., Vaschetto, L.M., Bainotti, C.T., Helguera, M. Identification of leaf rust resistance genes in selected Argentinean bread wheat cultivars by gene postulation and molecular markers // Electronic Journal of Biotechnology. – 2011. – Vol. 14 (3). – P. 1-17.
- [5] Elouafi I., Nachit M.M., Martin L.M. Identification of a microsatellite on chromosome 7B showing a strong linkage with yellow pigment in durum wheat (*Triticum turgidum*L. var.*durum*)//Hereditas. – 2001. – Vol. 135 (2-3). – P.255-261.
- [6] McIntosh R.A. Inheritance of leaf rust and stem rust resistances in wheat cultivars Agent and Agatha // Australian Journal of Agricultural Research. –1977. – Vol. 28. – P.37-45.
- [7] Huerta-Espino J. Analysis of wheat leaf rust and stem rust virulence on a worldwide basis: PhD Thesis: / University of Minnesota, – USA, 1992. 50 p.
- [8] Плотникова Л.Я. Клеточные особенности иммунной реакции мягкой пшеницы с геном Lr19 на заражение возбудителем бурой ржавчины // Цитология. – 2008. – Т. 50, № 2. – С. 124-131.
- [9] Вьюшков А.А. Селекция яровой мягкой и твердой пшеницы в Среднем Поволжье: автореф. ... док. с.-х. наук: 06.01.05. –Безенчук, 1998. – 66 с.
- [10]. Long D.L., Leonard K.J., Hughes M.E. Virulence of *Puccinia triticiana* on wheat in the United States from 1996 to 1998 // Plant Disease. – 2000. – Vol. 84. – P. 1334-1341.
- [11] Abdul S. D. Identification of the genes Lr17 and Lr26 for resistance to leaf rust (*Puccinia triticina*) in some European wheat cultivars // Emirates Journal of Food and Agriculture. – 2011. – Vol. 23 (4). – P. 311-319.
- [12] Mago R., Spielmeyer W., Lawrence G.J., Lagudah E.S., Ellis J.G., Pryor A. Identification and mapping of molecular markers linked to rust resistance genes located on chromosome 1RS of rye using wheat-rye translocation lines // Theoretical and Applied Genetics. – 2002. – Vol. 104 (8). – P. 1317-1324.
- [13] Singh R.P., Huerta-Espino J., Rajaram S., Crossa J. Agronomic effects from chromosome translocations 7DL.7 Ag and 1BL.1RS in spring wheat//Crop Science. - 1998. - Vol. 38 - P. 27 - 33.
- [14] Ehdaie B., Whitkus R.W., Waines J.G. Root biomass, water-use efficiency, and performance of wheat-rye translocations of chromosomes 1 and 2 in spring bread wheat 'Pavon' // Crop Science – 2003. – Vol. 43. – P. 710 – 717.
- [15] Schnurbusch T., Paillard S., Schori A., Messmer M., Schachermayr G., Winzeler M., Keller B. Dissection of quantitative and durable leaf rust resistance in Swiss winter wheat reveals a major resistance QTL in the Lr34chromosomal region //Theoretical and Applied Genetics. – 2004. – Vol. 108. – P. 477-484.
- [16] Bariana H.S., McIntosh R.A.Cytogenetic studies in wheat XIV. Location of rust resistance genes in VPM1 and their genetic linkage with other disease resistance genes in chromosome 2A // Genome. – 1993. – Vol. 36. – P. 476-482.
- [17] Maia N. Obtention des bles tendres résistants au pétin-versus par croisements interspécifiques bles × Aegilops // Comptes Rendus des Séances de l' Académie d'Agriculture de France. – 1967. – Vol. 53. – P. 149-154.
- [18] Robert O., Abelard C., Dedryver F. Identification of molecular markers for the detection of the yellow rust resistance gene Yr17 in wheat //Molecular Breeding. – 1999. – Vol. 5. – P.167-175.
- [19] Seah S., Spielmeyer W., Jahier J., Sivasithamparam K., Lagudah E.S.Resistance gene analogs within an introgressed chromosomal segment derived from *Triticum ventricosum*that confers resistance to nematode and rust pathogens in wheat // Molecular and Plant Microbe Interactions. – 2000. – Vol. 13. – P. 334-341.
- [20] William H.M., Hoisington D., Singh R.P., Gonzalez de Leon D. Detection of quantitative trait loci associated with leaf rust resistance in bread wheat // Genome. – 1997. – Vol. 40. – P.253-260.
- [21] William H.M., Singh R.P., Huerta-Espino J., Rosewarne G., Buck H.T., Nisi J.E., Salomon N. Characterization of genes for durable resistance to leaf rust and yellow rust in CIMMYT spring wheats// Developments in Plant Breeding. «Wheat production in stressed environments». – Dordrecht. The Netherlands, 2007. – Vol. 12. – P.65-70.
- [22] Herrera-Foessel S.A., Singh R.P., Huerta-Espino J., Lagudah E.S.Characterization and mapping of a gene component for durable leaf rust resistance in chromosome arm 7BL// Phytopathology. – 2009. – Vol. 99. – P. 53-55.
- [23] Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур – Москва: Агропромиздат, 1987. – 444 с.
- [24] Riede, C.R., and Anderson, J.A. Linkage of RFLP markers to an aluminum tolerance gene in wheat // Crop Sci. - 1996. – Vol. 36. – P.905-909. Doi:102135/cropsci1996.0011183X0036000400015x.
- [25] Калмыков М.В., Белоусова Р.В. Основы полимеразной цепной реакции с разными форматами детекции: учебное пособие / под ред. М.С. Калмыкова – СПб.: Лань, 2009. – .31 с.
- [26] Долматович Т.В., Булычик А.А. Маркирование генов устойчивости Lr26, Sr31, Sr50 и Pm8/Pm17 у мягкой озимой пшеницы // Биотехнология. Трансгенные технологии. – Минск: БГУ. - 2013. - P.227.
- [27] Рсалиев А.С. Жаздық катты бидай (*Triticum durum* Desf) сорт-линияларының тат ауруларына төзімділігі. // Ауыл шарашылығы ғылымдарының кандидатыдәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 06.01.05 Селекция және тұқым шарашылығы, Казакстан.– 2009. – С. 25
- [28] Kerber E.R., Dyke P.L. Transfer to hexaploid wheat of linked genes for adult-plant leaf rust and seedling stem rust resistance from amphiploid of *Aegilops speltoides*×*Triticum monococcum*//Genome. – 1990. – Vol. 33. – P.530-537.
- [29] Gold J., Harder D., Townley-Smith F., Aung T., Procurrier J. Development of a molecular marker for rust resistance genes Sr39 and Lr35 in wheat breeding lines//Electronic Journal of Biotechnology. – 1999. – Vol. 2, №1.
- [30] Lagudah E.S., Krattinger S.G., Herrera-Foessel S., Singh R.P., Huerta-Espino J., Spielmeyer W., Brown-Guedira G., Selter L.L., Keller B. Gene-specific markers for the wheat gene Lr34/Yr18/Pm38 which confers resistance to multiple fungal pathogens // Theor Appl Genet. – 2009. - Vol. 119 – P.889–898.

#### REFERENCES

- [1] Morgounov A. Wheat exchange network breeds new life into varietal development. <http://www.cymmyt.org>. 14.05.2012.  
[2] Agrios G. Plant Pathology / Fifth Edition. California: Academic Press, 2005. – 462 г.

- [3] Zhienbaev Zh. Dəndi dakyldardyn aurulary. – Almaty, 1974. – 234 b.
- [4] Vanzetti L.S., Campos, P., Demichelis, M., Lombardo, L.A., Aurelia, P.R., Vaschetto, L.M., Bainotti, C.T., Helguera, M. Identification of leaf rust resistance genes in selected Argentinean bread wheat cultivars by gene postulation and molecular markers // Electronic Journal of Biotechnology. – 2011. – Vol. 14 (3). – P. 1-17.
- [5] Elouafi I., Nachit M.M., Martin L.M. Identification of a microsatellite on chromosome 7B showing a strong linkage with yellow pigment in durum wheat (*Triticum turgidum*L. var.*durum*)//Hereditas. – 2001. – Vol. 135 (2-3). – R.255-261.
- [6] McIntosh R.A. Inheritance of leaf rust and stem rust resistances in wheat cultivars Agent and Agatha // Australian Journal of Agricultural Research. –1977. – Vol. 28. – R.37-45.
- [7] Huerta-Espino J. Analysis of wheat leaf rust and stem rust virulence on a worldwide basis: PhD Thesis: / University of Minnesota, – USA, 1992. 50 r.
- [8] Plotnikova L.Ja. Kletochnye osobennosti immunnoj reakcii mijagkoj pshenicy s genom Lr19 na zarazhenie vozбудитеlem buroj rzhavchiny // Citologija. – 2008. – T. 50, № 2. – S. 124-131.
- [9] V'yushkov A.A. Selekcija jarovoj mijagkoj i tverdoj pshenicy v Srednem Povolzh'e: avtoref. ... dok. s.-h. nauk: 06.01.05. –Bezengchuk, 1998. – 66 s.
- [10]. Long D.L., Leonard K.J., Hughes M.E. Virulence of *Puccinia triticiana* on wheat in the United States from 1996 to 1998 // Plant Disease. – 2000. – Vol. 84. – R. 1334-1341.
- [11] Abdul S. D. Identification of the genes Lr17 and Lr26 for resistance to leaf rust (*Puccinia triticina*) in some European wheat cultivars // Emirates Journal of Food and Agriculture. – 2011. – Vol. 23 (4). – P. 311-319.
- [12] Mago R., Spielmeyer W., Lawrence G.J., Lagudah E.S., Ellis J.G., Pryor A. Identification and mapping of molecular markers linked to rust resistance genes located on chromosome 1RS of rye using wheat-rye translocation lines // Theoretical and Applied Genetics. – 2002. – Vol. 104 (8). – P. 1317-1324.
- [13] Singh R.P., Huerta-Espino J., Rajaram S., Crossa J. Agronomic effects from chromosome translocations 7DL.7 Ag and 1BL.1RS in spring wheat//Crop Science. - 1998. - Vol. 38 - P. 27 - 33.
- [14] Ehdaie B., Whitkus R.W., Waines J.G. Root biomass, water-use efficiency, and performance of wheat-rye translocations of chromosomes 1 and 2 in spring bread wheat 'Pavon' // Crop Science – 2003. – Vol. 43. – P. 710 – 717.
- [15] Schnurbusch T., Paillard S., Schori A., Messmer M., Schachermayr G., Winzeler M., Keller B. Dissection of quantitative and durable leaf rust resistance in Swiss winter wheat reveals a major resistance QTL in the Lr34chromosomal region //Theoretical and Applied Genetics. – 2004. – Vol. 108. – R. 477-484.
- [16] Bariana H.S., McIntosh R.A. Cytogenetic studies in wheat XIV. Location of rust resistance genes in VPM1 and their genetic linkage with other disease resistance genes in chromosome 2A // Genome. – 1993. – Vol. 36. – R. 476-482.
- [17] Maia N. Obtention des bles tendres résistants au pétin-vers par croisements interspécifiques bles × Aegilops // Comptes Rendus des Séances de l' Académie d'Agriculture de France. – 1967. – Vol. 53. – P. 149-154.
- [18] Robert O., Abelard C., Dedryver F. Identification of molecular markers for the detection of the yellow rust resistance gene Yr17 in wheat //Molecular Breeding. – 1999. – Vol. 5. – R.167-175.
- [19] Seah S., Spielmeyer W., Jahier J., Sivasithamparam K., Lagudah E.S. Resistance gene analogs within an introgressed chromosomal segment derived from *Triticum ventricosum* that confers resistance to nematode and rust pathogens in wheat // Molecular and Plant Microbe Interactions. – 2000. – Vol. 13. – R. 334-341.
- [20] William H.M., Hoisington D., Singh R.P., Gonzalez de Leon D. Detection of quantitative trait loci associated with leaf rust resistance in bread wheat // Genome. – 1997. – Vol. 40. – R.253-260.
- [21] William H.M., Singh R.P., Huerta-Espino J., Rosewarne G., Buck H.T., Nisi J.E., Salomon N. Characterization of genes for durable resistance to leaf rust and yellow rust in CIMMYT spring wheats// Developments in Plant Breeding. «Wheat production in stressed environments». – Dordrecht. The Netherlands, 2007. – Vol. 12. – R.65-70.
- [22] Herrera-Foessel S.A., Singh R.P., Huerta-Espino J., Lagudah E.S. Characterization and mapping of a gene component for durable leaf rust resistance in chromosome arm 7BL// Phytopathology. – 2009. – Vol. 99. – P. 53-55.
- [23] Guljaev G.V., Guzhov Ju.L. Selekcija i semenovodstvo polevyh kul'tur – Moskva: Agropromizdat, 1987. – 444 s.
- [24] Riede, C.R., and Anderson, J.A. Linkage of RFLP markers to an aluminum tolerance gene in wheat // Crop Sci. - 1996. – Vol. 36. – P.905-909. Doi:102135/cropsci1996.0011183X0036000400015x.
- [25] Kalmykov M.V., Belousova R.V. Osnovy polimeraznoj cepnoj reakcii s raznymi formatami detekcii: uchebnoe posobie / pod red. M.S. Kalmykova – SPb.: Lan', 2009. – 31 s.
- [26] Dolmatovich T.V., Bulojchik A.A. Markirovanie genov ustojchivosti Lr26, Sr31, Sr50 i Pm8/Pm17 u mijagkoj ozimoj pshenicy // Bioinzhenerija. Transgennye tehnologii. – Minsk: BGU. - 2013. - R.227.
- [27] Rusaliev A.S. Zhazdyk katty bidaj (*Triticum durum* Desf) sort-linijalarynyh tat aurularyna tezimdiligi. // Auyl sharuashlylyfy fylymdarynyh kandidatydorezhesin alu yshin dajyndalran dissertacijanyh avtoreferaty. 06.01.05Selekcija zhane týkum sharuashlylyfy, Kazakistan.– 2009. – S. 25
- [28] Kerber E.R., Dyke P.L. Transfer to hexaploid wheat of linked genes for adult-plant leaf rust and seedling stem rust resistance from amphiploid of Aegilops speltoides×*Triticum monoccum*//Genome. – 1990. – Vol. 33. – R.530-537.
- [29] Gold J., Harder D., Townley-Smith F., Aung T., Prochnik J. Development of a molecular marker for rust resistance genesSr39andLr35in wheat breeding lines//Electronic Journal of Biotechnology. – 1999. – Vol. 2, №1.
- [30] Lagudah E.S., Krattinger S.G., Herrera-Foessel S., Singh R.P., Huerta-Espino J., Spielmeyer W., Brown-Guedira G., Selter L.L., Keller B. Gene-specific markers for the wheat gene Lr34/Yr18/Pm38 which confers resistance to multiple fungal pathogens // Theor Appl Genet. – 2009. - Vol. 119 – P.889–898.

**А. К. Маденова, А. М. Кохметова, Қ. Галымбек, М. Н. Атишова**

Институт биологии и биотехнологии растений, Алматы, Казахстан

**ИДЕНТИФИКАЦИЯ НОСИТЕЛЕЙ Lr-ГЕНОВ  
В ПЕРСПЕКТИВНЫХ ЛИНИЙ ОЗИМОЙ ПШЕНИЦЫ**

**Аннотация.** ДНК-маркеры обладают огромным потенциалом для повышения эффективности и точности традиционной селекции растений с помощью селекции с помощью маркеров (MAS). У перспективных линий озимой пшеницы идентифицировано носителей генов устойчивости (*Lr68, Lr19/Sr25, Lr26/Sr31/Yr9/Pm8* және *Lr37/Sr38/Yr17*) к бурой ржавчине. Результате молекулярного скрининга изученных генотипов выявлено из контрольного питомника КП 7 линий (Алмалы x Обрий, НАЗ x Обрий, НАЗ x ГФ55, 428 x Уманка, 428 x Уманка, BWKLDN-9 x FAW3750, №1137) и 2 линий из питомника КСИ с геном *Lr68*. Носители комплекс гена *Lr26/Sr31/Yr9/PM8* был найден в двух генотипах: BWKLDN-9 x FAW3750, 428g x МК-122. Выявленные генотипы пшеницы показали высокую продуктивность и устойчивость к бурой ржавчине. Эти носители *Lr*-генов могут быть использованы в селекционных программах для формирования устойчивых сортов пшеницы к бурой ржавчине.

**Ключевые слова:** пшеница, бурая ржавчина, гены устойчивости, молекулярные маркеры.

**Авторлар жайлы мәліметтер:**

Маденова А.К. – Phd доктор, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының генетика және селекция лабораториясының ғылыми қызметкері, Алматы, Madenova.a@mail.ru

Кохметова Алма Мырзабековна – б.ғ.д., профессор, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының генетика және селекция лабораториясының менгерушісі, Алматы, gen\_kalma@mail.ru

Галымбек Қанат – 6D081100 - Өсімдік қорғау және карантин мамандығының 3 курс доктаранты, Алматы, Kanat.galymbek@mail.ru

Атишова М.Н. – биология ғылымының магистрі, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының генетика және селекция лабораториясының ғылыми қызметкері, Алматы, Maki\_87@mail.ru

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL**

ISSN 2224-5308

Volume 4, Number 322 (2017), 119 – 127

**N. S. Nurdinov, M. S. Aymakhanov, U. O. Kaliyeva**

International Kazakh-Turkish University named after H. A. Yassavi, Turkestan, Kazakhstan.  
 E-mail: nur\_biolog\_kz@mail.ru

**DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY  
 FOR THE PRODUCTION OF VITAMIN BIOLOGICS  
 FROM NATURAL INGREDIENTS FOR POULTRY**

**Abstract.** The main purpose of the development of the poultry in Kazakhstan - is to ensure domestic demand for poultry products business, as well as increase the level of exports. In birds, the composition has a protein, fat, carbon, vitamins, macro- and micro-nutrients, but the chicks do not feel the grip of these elements in order to give us the necessary products. In addition, to correct this problem it is used spirulina that eco-friendly and easy to prepare and budget available. They are also one of the ways of development of this branch, so we felt it urgent to explore the product. According to this principle the use of spirulina for small poultry is promising, it is sparingly on consumption of energy and is cheap in processing technologies. Therefore, the purpose of this study is the use of spirulina, their receiving and use in poultry.

**Keywords:** proteins, spirulina, microalgae, bentonite, oats, cultivator, food ration.

ӘОЖ 574.3

**Н. С. Нурдинов, М. С. Аймакханов, У. О. Калиева**

Қ. А. Яссайи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

**ТАБИГИ КОМПОНЕНТТЕРДЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
 ҚҰСТАРЫНА АРНАЛҒАН БИОПРЕПАРАТТАР  
 ШЫҒАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ**

**Аннотация.** Қазақстанда құс шаруашылығы саласын дамытудың негізгі мақсаты – еліміздің ішкі сұрансызын құс шаруашылығы өнімдерімен толық қамтамасыз ету және оның экспорттық әлеуетін іске асыру болып табылады. Құстарда барлық қажетті заттар, белоктар, майлар, көмірсулар, витаминдер, макро- және микроэлементтер бар, бірақ жас балапандардың қалыпты өсіуі мен ересек құстардың жоғары өнімділігі үшін бұл мөлшер жеткілікті емес. Кейбір зерттеушілердің есебі бойынша қазіргі таңда жыл сайынғы әлемдік өндірісте 3 млн. тоннадай ақуыз тапшылығы орын алада. Осылай байланысты ақуызға бай көздерді және тағы басқа да коректік заттарды іздеу мақсатында әлемнің барлық дерлік елдерінде жоғары сапалы ақуызды және дәрүмендерді өнімдердің өндірісін арттыруға үлкен көніл белгілі отыр. Сонымен коса, құс шаруашылығында азықтық ақуыз алу үшін спирулиналаны пайдалану жоғары сапалы тыңайтқыштармен коршаған ортаның экологиялық ластану қауіпсіздігін қамтамасыз ету, микробалдырлардан алынатын арзан әрі қолжетімді азықпен қамтамасыз ете алу мүмкіндігі өнеркәсіптік сектордың дамуына орасан зор мүмкіндік береді, осындай себептерге байланысты спирулиналаны пайдалану және өсіру жолдарын зерттеу ең өзекті мәселе деп қарастырдық. Мұндай жолмен ақуыздық азықты алу үшін спирулиналаны қолдану, әсіресе шағын құс шаруашыларды үшін перспективалы, яғни аз энергия шығыны мен арзан технология көзі болып табылады. Сол себепті спирулиналаның ақуыз өндіруші ретіндегі биологиялық - негіздік ерекшеліктерін анықтау, оларды шаруашылық жағдайында жаппай өсіру, шаруашылықта оңтайландыру мен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін анықтауды зерттеу жұмысымыздың мақсаты ретінде қарастырдық.

**Түйін сөздер:** белок, спирулина, микробалдыр, бентонит, сұлы, культиватор, азықтық рацион.

**Кіріспе.** Үй құстарының негізгі азығы астық дақылдары, атап айтқанда: бидай, жүгері, арпа, тары, құмай, сұлы және т.б болып табылады. Оларда барлық қажетті заттар, белоктар, майлар, көмірсулар, витаминдер, макро- және микроэлементтер бар, бірақ жас құс балапандарының қалыпты өсіуі мен ересек құстардың жоғары өнім беруі үшін бұл мөлшер жеткілікті емес.

Атап айтқанда, құстар рационында белок жетіспейді және оларға деген сұраныс та жоғары. Ақуыздар тек қана тіршілік үшін емес, сонымен қатар бұлшық ет ұлпасының түзілуіне, қауырын мен жұмыртқаның қалыптасуы қамтамасыз етеді. Сонымен акуыз құс жұмыртқасында - 12%, етінде - 20%, ал қауырындарында - 75-80% құрайды [1].

Микробалдырларды ауыл шаруашылығында қолданудың келесідей перспективті салалары белгіленеді: медицина, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, жібек өндіру, аң шаруашылығы, балық шаруашылығы, аквадақылдар, өсімдік шаруашылығы, омарташылық. Сонымен қатар, биологиялық супензияны немесе паста тәрізді массаны ағынды суларлы тазалау үшін қолдануға болады.

Құс өнеркәсібінде акуыздық қажеттіліктерді балықтық акуыз, ет-сүйек ұны, жемдік ашытқы, құнбағыс және басқа да құнжара сияқты дақылар арқылы шешүге болады, бірақ бұл өнімдер кымбат жәнежүртшылыққа қолжетімді емес. Осыған байланысты шағын және тұрмыстық шаруашылықтарға кол жетімді, әрі құнарлы акуыз көздерін пайдалануды ұсынамыз. Мысалы: микробалдырлар (спирулина мен хлорелла), азық-түлік қалдықтарын жарату, жәндіктер дернәсілдерін акуыз өндіруге пайдалану және тағы да басқа дәстүрлі емес әдістер. Қазіргі уақытта дәстүрлі емес әдіс бойынша акуыз қорын алу үшін микробалдырларды (спирулина мен хлорелла) пайдаланып жасалған түрлі жобалар жасалуда. Құнды белокты жемшөпке қолжеткізу үшін бұл әдіссті қолдану құс шаруашылығы фабрикаларын және қоршаған ортаны құс шаруашылығы қалдықтарымен ластанудан сақтайды, санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсартады. Оған қоса өсірілетін құстар арасында эпидемиологиялық және эпизоотологиялық аурулармен ауыру мүмкіндігін төмендетеді. Зерттеу жұмысының жоғарыда келтірілген мақсатына байланысты өз алдымызға келесідей міндеттерді қойдық:

1. Зертханалық және шаруашылық жағдайларында жоғары сапалы спирулина культурасын алуға мүмкіндік беретін оңтайлы параметрлерін анықтау;

2. Құстың дамуы мен өсіүін арттыруға мүмкіндік беретін субстратты (жемшөпті) байыту жолдары мен спирулина дамуының барлық фазаларында культивирлеудің параметрлері мен әдістерін әзірлеу;

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмыстың нысаны ретінде – спирулина, бентонит және сұлыны пайдаландық. Биологиялық белсенді қоспаның құстар организмге әсерін зерттеу жұмыстары ХҚТУ-ті мен Алматы қаласындағы «Адам және жануар физиологиясының зерттеу» институтымен бірлесе отырып жүргізілді. Зерттеу жұмысын ең алдымен лабораториялық өндірістік культиваторда алынатын спирулина инокуляттарын әзірлеуден бастадық.

Басында 1 мл инокулятта 2-3 млн спирулина клеткасы болды. Сыйымдылығы 1000 л өндірістік культиватордағы супензияның бастапқы тығыздығы 3-5 млн, ал соңғысы 1 мл-де 150-200-ді құрады. Есептеулер Axioscope – 40 микроскобы, CallZeiss, сандық фотокамера және «Видеотест-морфология» (Санкт-Петербург) программасының көмегімен жүргізілді. Биологиялық белсенді қоспаны гранула түрінде дайындау үшін біз ұсақтағыш құрылғы, араластырғыш және пресс-грануляторды қолданадық. Зерттеу объектісі ретінде тышкан, құс және қойларды алуға болады. Biochem FC-360 (USA) биохимиялық анализаторында қан плазмасынан жалпы акуыз, альбумин, глюкоза, сілтілік фосфатаза, холеестерин, триглицеридтер, АсАТ, АлАТ анықталды. Құс салмақтары ББҚ-мен коректендірерден алдын және кейін өлшеннеді.

Биологиялық белсенді қоспалардың организмге әсерін зерттеу жұмыстары үй құстарына жүргізілді және «Қазақстан Республикасының клиникалық зерттеулер, әдістемелік-биологиялық эксперименттер және клиникаға дейінгі зерттеулерді жүргізу Ережесіне» толықтай сәйкес келеді.

Зерттеу барлық этикалық нормаларды сақтай отырып, сондай-ақ Халықаралық ғылыми медициналық қоғам кеңесінің (CIOMS) Этикалық кодексінің тұжырымдамасына (1985 ж.), «Халықаралық әдістемелік-биологиялық зерттеулеу жүргізу ұсыныстары» белімімен қоса, Әлемдік Медицина Ассоциациясының Хельсинк декларациясына (2000 ж.) сәйкес жүргізілді. Қазіргі уақытта қоршаған ортанды ластануды Қазақстанның ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.



1-сурет – BioChem FC-360 (USA) биохимиялық анализаторында  
қан плазмасынан жалпы ақуыз, альбумин мөлшерін анықтау жұмысы

Негізгі ластаушыларға селен, мышьяк, қорғасын, рений, стронций және т.б. сияқты ауыр металдар болып табылады. Организмнің қолайсыз жағдайларға бейімделуі мен төзімділігінің зерттеулері – тәжірибе жұмыстарының маңыздылығын айқындай түседі. Қоршаган органдардың табиғи нысандардағы ауыр металдармен тұздануы ағзаның клиникалық, морфологиялық және биохимиялық құрылымдарының бұзылыстарына әкеліп соқтырады. Бәрімізге мәлім, топырақтар әртүрлі металдардың иондарымен ластануда, ол өз кезегінде ағзаның әртүрлі функцияларының бұзылуына әкеледі және ауыр физиологиялық өзгерістерді тудырады [2].

Организмнің стресс жағдайында өмір сүруімен бейімделуін қамтамасыз ететін механизмдерін білу қазіргі заманның ең көкейкесті міндеті болып табылады. Осы мәселелерді шешуде ас қорыту органдарының, бауырды қоса алғанда, гомеостаздың ағзадағы маңызды бөлігі ретіндегі ролін айтпай кетуге болмайды. Бұл ас қорыту органдарындағы ассимиляция және диссимиляция процесстерінің ғана емес, сондай-ақ организмдегі әртүрлі токсиндердің детоксикация қатысуын қажет етеді. Мұндай стрестік факторлар ағзаның метаболизмі функциясын бұзады және төмendetеді. Құнарсыз тاماқтану және азық-тұліктердің құрамындағы улы заттардың болуы, өз кезегінде ауыр метал тұздары мен радионуклеидтерден пайда болатын кептеген аурулардың негізгі себебі болып отыр [3].

Спирулина - жер бетінде өзінің керемет биохимиялық құрамының нәтижесінде 100 млн. жыл бойы өзгеріссіз сақталған жалғыз тірі организм. Бұл табигат өзі мұқият жинақтаған жеңіл сінірілетін дәрумендер, минералдар және аминқышқылдар жинағы. Спирулинадағы белоктың мөлшері 70%, яғни бір кг сиыр етінің құрамындағы белок, 10 грамм балдырда сонша болады, ал бета-каротин - 10 кг сәбіздің құрамындағыдей.

Спирулина жай қарапайым ғана бір су балдыры сияқты болып көрінгеніне қарамастан табиғаттың ең бай биологиялық құнды ақуыз мөлшеріне ие. Құрамында 65% ақуыз көрсеткіші бар бұл балдыр ас бұршағына қарағанда 2 есе құнды (1-кесте). Спирулина каротинге өте бай. Оның мөлшері шөп ұнына қарағанда 3 есе, сүттен 500 есе көп. Спирулинадағы С дәруменінің мөлшері лимондағы витаминнің мөлшерінен артық, ал сүттен 100 есе көп [4].

Сұлныны біз кездейсоқ алмадық. Біріншіден ол басқа дәнді дақылдармен салыстырғанда нарықтық құны төмен. Екіншіден қоректік сапасы басқаларына қарағанда жақсы болуына байланысты таңдадық. Клетчаткалардың жоғары құрамын баса айта кету керек. Клетчатка белгілі мөлшерде құстарға ас қорыту әрекеті, денсаулығын сақтау мен жұмыртқасындағы ақуыз мөлшерінің артуында энергиялық материал көзі ретінде қажет болып табылады.

Ол ішек қабыргасына механикалық әсер көрсетеді, перистальтикалық және моторлық қызмет тудырып шайнау процесін ұзартады, нәтижесінде сілекей көп мөлшерде бөлініп, сілтілік реакциясы (рН 6,5–7,0 тең) жүреді, яғни ішектегі ас қорытылуды ірі қоректердің қалыпты сіңірілуін қамтамасыз етеді. Клетчатка құстардың ас қорыту жолында целлюлозолитикалық ферменттер әсеріне ұшырайды, яғни клетчатканың микроорганизмдер арқылы ыдырайды.

## 1-кесте – Түрлі азықтар мен спирулина балдырының акуыздық кұрамы

Акуыз көзі	Cу, %	Акуыз, %
Спирулина	5	60-70
Соя	8	36,7
Сүт ұнтағы	4	36
Сардалъя	50	20,6
Алабалық	77,6	19,2
Тауық еті	61,3	19
Сиыр еті	56,5	17,4
Жұмыртқа	74	12,8
Қой сүті	81,6	5,6
Айран	86,1	4,8
Сиыр сүті	88,5	3,2

Осының нәтижесінде құс органиzmі үшін ұлken маңызы бар заттар түзіледі. Клетчатка ұлken физиологиялық маңызы құйіс қайыратын тек энергия көзі ретінде, бірақ және факторы ретінде, қамтамасыз етегін қалыпты моторикасын қосалқы қарындарын. Клетчатка құстар үшін тек энергия көзі ретінде емес, сондай-ақ ұлken физиологиялық маңызға ие, бірақ қарыншалардың қалыпты моторикасын қастамасыз етеді.

Бактерия ферменттері клетчаткаларды (қурделі полисахарид) дейін неғұрлым қарапайым формаларға дейін ыдыратыды: басында целлюбиоз дисахаридіне дейін, содан кейін глюкоза моносахаридіне дейін. Клетчатка азықтарының ішектегі ыдырауы - түрлі ашу процестері нәтижесінде жүзеге асады.

Бентонит – табиғи минерал, табиғаты бойынша балшықты, гидратация кезінде – 14-16 есе ісіне түседі. Шектеулі кеңістікте тығыздалған гельге айналады. Химиялық тұрақтылықпен және токсикалықсyzдығымен ерекшеленеді. Медицинада бентонитті дезинтоксикалық әрекетіне ие болуына байланысты стерильді ерітінді түзуші құрал ретінде қолданылады.


Бентонитті балшықтар халық шаруашылығында ауқымды түрдегі қолданыска ие. Олар машина жасау, металлургия, тау рудалық, мұнай-газды, мұнай-химиялық, тұрмыстық азықта, медицинада, ауыл шаруашылығында және басқа салаларда қолданылады [5].

Бентонит саздарының үй құстары ағзасына әсерін зерттеумен ас қорыту физиологиясы зертханасының ғалымдары айналысқан. Табиғи адсорбенттердің зат алмасудағы профилактикалық – емдеу әрекеті, құстарда түрлі заттар мен суды сініру қабілетінің клиникалық жай-қүйі түсіндірледі. Олар төмен молекулярлық қосылыстарды сүзеді (фильтрлейді), өз кезегінде ас қорыту органдарында уытты заттарды ыдыратады. Сінірліген бұл заттар жануарлар ағзасына теріс әсер етпейді және нәжіспен бірге сыртқа бөлінеді. Сонымен қатар, табиғи адсорбенттер ішектің шырышты қабатына механикалық әсер етіп, оның моторлық қызметін баяулатады, осылайша көлемін, азықтық массаларды ас қорыту жолында жұру уақытын ұзартады және қосымша олардың бөлшектенуін және сорылуын қамтамасыз етеді [6].

Бентонит – әмбебап табиғи-тенестірілген минералды жиынтық. 70-ке жуық эссенциалды (алмастырылмайтын) микроэлементтерден (соның ішінде кремний, кальций, магний, темір, натрий, калий, мыс, мырыш және т.б.) тұратын, әрі керемет адсорбциялаушы қасиеттеріне байланысты ағзаның қалыпты қызмет ету үшін қажет.

Қазіргі танда табиғи компоненттердің оң қасиеттері өте белгілі. Олардың ешқандай жанама әсерлері жоқ және ағзаға еш зиянын тигізбейді. Спирулина балдыры негізінде азықтық қоспа дайындау үшін, алдымен сұлы мен бентонитті өлшейміз. Содан кейін спирулина суспензиясын құяды да, үшеуін араластырғыш (смеситель) құрылғыда жақсылап араластырамыз. Оны пресс-гранулятор арқылы өткіземіз және арақатынасы 40:20:40 (2-сурет) және 40:30:30 бентонит, спирулина мен сұлыдан тұратын дайын азықтық қоспаны гранула түрінде аламыз.

Осының арқасында біз өте тиімді бағада өнімдерді алып шетелдік нарықтармен бәсекелесе аламыз.



2-сурет – ББК (биологиялық белсенді қоспа) компоненттерінің пайыздық аракатынасы

Алынған биологиялық белсенді қоспалардың құс ағзасына физиологиялық әсерін зерттеу үшін бірдей жас мөлшеріндегі 100 бас бройлер балапандары алынды. Жұмысымыздың талабы бойынша, ол құстарды 2 топқа: бақылау және тәжірибе топтарына 50-ден бөлдік. 1 айға созылған тәжірибе нәтижесінде төменде де көрсетілген оң параметрлерге қол жеткіздік.

2-кесте – Спирулинаның биологиялық белсенді қоспаларының азықтық құндылығы

Көрсеткіштердің атавы	Нақтыалынды /азықтық құндылығы, г/100 г	НД арналған сынау әдістерінде белгіленуі
Акуыз	30,16±1,02	ГОСТ 30648.1 - 99
Май	8,3 ± 0,23	ГОСТ 30648.2 -99
Көмірсулар	42,15±3,22	ГОСТ 30648.3 -99

Құстардың азықтық рационында толыққұнды протеин жетіспеген жағдайда қан сарысуында ақуыздық фракциялар мөлшері түсіп, жүқпалы және жүқпалы емес ауруларға қорғаныш қасиеттері мен тұрақтылығы төмендейді. Толыққанды ақуыздың үдайы жеткіліксіздігі жағдайында асказан-ішек жолы мен тыныс алу органдарында инфекция пайда болуына әкеледі. Бұл құстар мен шошқаларға тән қасиет. Біздің азықтық қоспада акуыз құрамы  $30,16\pm1,02$  г/100г деңгейінде болды (2-кесте). Тәжірибенің 30-шы қүннен кейін қан плазмасындағы жалпы ақуыз, май, глюкоза, сілтілік фосфатаза, холестерин, АлАТ, АсАТ, үшглицеридтерді анықтадық. Қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштері төмендегі кестеде көтірілген. Акуыздар, қан сарысуытірі организмнің ішкі ортасының құрамдас бөлігі болып табылады. Жалпы метаболизм процесінің журуіне әсер ететін динамикалық тепе-тәндігі бар ақуыздыұлпалармен сарысулық ақуыздар тасымалдық және корғаныштық рөлі атқарады, сондықтан олар жануарлар деңсаулығын бағалау критерийдерінің бірі ретінде қызмет атқарады. Рационына қосылған азықтық қоспалардың құрамындағы жалпы ақуыз мөлшері анық артты және  $27,5\pm1,7$  г/л-ді құрады. Бақылаумен салыстырғанда бұл көрсеткіш 20%-ға артық. Басқа да қан көрсеткіштеріндемұнданай оң өзгерістер байқалды.

Альбумин – қан плазмасының негізгі ақуызы, жалпы плазма ақуызының 40-60%-ды құрайды. Альбумин деңгейінің төмендеуі (гипоальбуминемия) көптеген патологиялық жағдайлардың кең тараған белгісі болып табылады. Оның себебі тағаммен ақуыздың аз түсінен, бауыр патологиясында альбумин синтезінің төмендеуі, ақуыздардың ыдырауы мен ұлпалардың закымдануында катаболизмнің артуы және ішек пен бүйрек патологиясында ақуызды жоғалту деңгейінің артуы әсерінен болуы мүмкін [7].

3-кесте – Биологиялық белсенді қоспамен азықтандыру нәтижесінде алынған параметрлері

Көрсеткіштері	Топ			
	Бақылау (50 бас)		Тәжірибе (50бас)	
Мекиенсаны, бас	тәжірибеге дейін	30 қүннен соң	тәжірибеге дейін	30 қүннен соң
Бас сакталуы, %	99,3	98,1	99,3	98,9
Өндірілген жұмыртқа, дана	940	951	933	982
Бастапқы жұмыртқалағыштығы, дана	18,8	19,2	18,6	19,6

Ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша тауықмекиендерін күтіп-бағу және ата-аналықтарды азықтық қоспаменазықтандырудың оң параметрлерін және өнім сапасына оң әсерін көрсетті.

